

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІ



**«Мектеп пен университет: ғылыми
ынтымақтастық көкжиегі» атты ғылыми-
практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
научно-практической конференции
«Школа и университет: грани
научного сотрудничества»**

**MATERIALS
of the scientific-practical conference «School
and University: the brink of scientific
cooperation»**

Кокшетау, 2022

УДК 37.0
ББК 74.00 М41

**«Мектеп пен университет: ғылыми ынтымақтастық көкжиегі» атты ғылыми - практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАРЫ
МАТЕРИАЛЫ** научно-практической конференции «Школа и университет: грани научного сотрудничества». Кокшетау , 2022

ISBN 978-601-261-482-4

Бұл басылымға 2022 жылдың 14 сәуір күні өткен Кокшетау қаласы мен Ақмола облысы мектептерінің 7-11 сынып оқушыларының ғылыми-практикалық конференциясының материалдары кірді.

В настоящее издание вошли материалы школьной научно-практической конференции учащихся 7- 11 классов школ г. Кокшетау и Акмолинской области. Конференция проведена 14 апреля 2022 года .

УДК 37.0
ББК 74.00

РЕДКОЛЛЕГИЯ:

Председатель: Жакупова А.Д. – проректор по научной работе и международным связям, д.ф.н., профессор

Члены редакционной коллегии: Бексеитова А.Т., к.и.н., доцент; Жапарова С.Б., к.т.н., доцент; Искаков А.Ж., д.э.н., доцент; Исмагулова А.Е., к.ф.н.; Муратбекова С.К., д.м.н., профессор; Хамитова А.С., к.х.н., доцент

ISBN 978-601-261-482-4

© Ш.Уәлиханов атындағы Кокшетау
университеті, 2022

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ СЕКЦИЯСЫ СЕКЦИЯ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ МЫСАЛДАРЫНДАҒЫ АСТАРЛЫ ОЙ

Сағындық Медина Саматқызы

Көкшетау қаласы, № 21 мектеп-лицейі, 8 «А» сынып оқушысы
Саттыбаева Бакыт Аманжоловна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
bahyt0969@mail.ru

А.Байтұрсынов қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан – орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау, яғни мысал жанры арқылы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалармен әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен И.А.Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарады. Бұл қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі болатын. Осы еңбегі үшін қуғынға түсіп, Семейде сегіз ай абақтыда отырған соң, бір жарым жылға айдалу ретімен Орынборға келген. Онда әуелгі ниетінен танбай, бұрынғыдан да ащырақ, күштірек тілмен 1911 жылы «Масаны» жазып, Орынборда бастырып шығарған. Бұл қазаққа естілген екінші елшілдік ұран болатын. Бұл қазаққа естілген екінші елшілдік ұран болатын. Ахмет Байтұрсынов төл өлеңдерінің саны онша көп емес, жалпы көлемі сегіз жүз жол шамасындағы жиырма шақты ғана өлең. Бірақ осы шағын мұраның өзін қазақ өлеңінің тарихындағы өзіндік бір белес деп бағалауға болады.

А. Байтұрсыновтың аудармашы ғана емес, ұлттық әдебиеттегі мысал жанрын дамытушы болғанын дәлелдейді. Ахмет мысалдарының бір тобы адам бойындағы алауыздық, мақтаншақтық, қайырымсыздық, тәкаппарлық, күншілдік, зорлық, топастық, надандық, кулық, күндестік, үлкенді сыйламау, тойымсыздық, достықты қадірлемеу, жалақорлық, қанағатсыздық сияқты келеңсіз мінездерді мінеуге құрылады. Кейбір мысалдарда тұтас халықтық әлеуметтік мәні бар тақырыптар (отаршылдық, әкімшілдік, зорлық пен зомбылыққа қарсы халық санасына қозғау салатын, қайрат пен жігерге, намысқа шақыратын) қозғалады. Бұған «Қасқыр мен тырна», «Ала қойлар», «Қасқыр мен қозы», «Аңдарға келген індет», т.б. жатады.

Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлы мысалдарында халықаралық сюжеттік жүйенің мазмұны қазақ өміріне бейімделгенін, сол кездегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік сұранысына қажетті ойлармен толықтырылып тұр. Крыловтың шығармаларында он тармақтан тұратын «Шымшық пен көгершін» атты мысалды А. Байтұрсынұлы отыз екі жолға дейін ұлғайтып, мүлдем басқа туынды деңгейіне көтереді. Ақын өз жанынан қосқан ойлары арқылы бұл мысалды қазақтың төлтума рухани мұрасына айналдырды.

Мұндай ерекшелік «Өзен мен қара су» мысалына да тән:
Меңзеймін қара суды, қазақ, саған,
Талпынбай талап ойлап, қарап жатқан.
Барады қатар жұрттың бәрі озып,
Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам.
Оянып, жан-жағыңа сал көзіңді,
Түбіңе жетпей қалмас қамсыз жатқан.
Өткізіп уақытты өкінерсің,
Пәледен, басқа келмей, деймін сақтан.
Қазағым, сал құлағың нақылыма,
Түсініп айтқан достық ақылыма.
Сөз емес еріккенде ермек еткен,

Айтамын жаным ашып жақыныма.
Қозғалмай бұл күйіңмен жата берсең,
Боларсың қара судай ақырында [1,94б.]

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары мен жақсы-жайсандарының ел қамы үшін белсенді саяси әрекетке баруына түрткі жасау мақсатын А. Байтұрсынұлы «Малшы мен Маса» мысалында былайша нақтылай түседі:

Мысалы, қазақ – малшы ұйықтап жатқан, Жыланды пәле делік аңдып баққан.

Пәленің түрін көрген мен – Сарымаса,
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.
Ойлаймын: «Осы сөз де жетеді, – деп,
Қатты айтсам, сөзім батып кетеді деп.
Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді
Қорқамын Сары масадай етеді деп [2, 25б.]

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,
Тартады аққу көкке, шаян кейін
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін [2, 32б.]

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас.
Әуелі бірлік керек болса жолдас.
Бірінің айтқаныңа бірің көнбей
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, [2, 45 б.] – деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады.

Елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар:

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі.
Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі
Нашарды талай адам талап жеп жүр
Бөріден артық дейміз оның ісін [2, 94б.]

Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Қайыршы мен қыдыр», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған.

Аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын – әуез қосып отырады. «Қартайған арыстан» мысалына:

Бақ қонса, сыйлар алаш ағайын да,
Келе алмас жаман батып маңайыңа.
Басыңның бақыт құсы ұшқан күні
Құл-құтан басынады, малайың да [2,94б.] —

деген жалғасты түйін жасайды. Бірнеше кісі тіл таба алмай, берекесі кетіп, өртке шалдығып, үлестен құр қалады. Осы «Үлес» өлеңінің түйінінде ақын өз позициясын ашық көрсетіп:

Ойласақ оқиға емес болмайтұғын,
Ел қайда өзін жаудан қорғайтұғын.
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,
Адам аз алдын қарап болжайтұғын.
Аңдыған бірін-бірі жаудан жаман
Байқасақ ел белгісі оңбайтұғын.

Бұл белгі табылып жүр біздің жұрттан
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.
Алданып арқадағы дау-шарына
Кәтерден кәпері жоқ, келер сырттан [1,90б.], – деп терең маңызы бар
әлеуметтік ой толғайды.

Мысал жанрының қазақ әдебиетіне бойлап ену құбылысы әлемдік көркемдік дәстүрлердің типологиялық ұқсастығын көрсетеді. «Дала уалаяты» газетінде 1894 жылы 14 тамызда И.Крыловтың «Инелік пен құмырсқа» (аударған А.Құрманбаев) мысалының жариялануы – қазақ әдебиеті үшін жаңа бір арнаның басы еді.

Крыловтан Абай – 14, Спандияр Көбеев – 37, Бекет Өтетілеуов – 12 мысал аударған. Бір мысалдың бірнеше рет аударылғаны да бар. Мәселен: «Аққу, шортан һәм шаян», «Ат пен есек», «Қасқыр мен тырна», «Шал мен ажал (өлім)», «Айна мен маймыл», «Маймыл мен көзілдірік» мысалдарын Ахмет Байтұрсынов та, Спандияр Көбеев те аударған. «Ала қойлар», «Есек пен қамыс (шілік)», «Бақа мен өгіз» мысалдарының Абай нұсқасы да, Ахмет нұсқасы да бар.

Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді, Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған. Ал Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жаңа идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады.

Крыловтың он жолдық «Шымшық пен көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынов аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өгіз бен бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада – 19, қазақшада – 76 жол, «Арыстан, киік һәм түлкі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада – 37, қазақшада – 68 жол, «Ағаш» орысшада – 31, қазақшада – 56 жол.

А. Байтұрсынов дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеурін, ишара, мегзеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» кітабында ашық, анық, дәлді, нақты айтылады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық, бірталай өлеңдерге арқау болады; ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – басты сарын болып табылады.

Жалпы әдеби аударма халықтардың бірін-бірі тануына, рухани жағынан жақындасып, туыстасуына айтулы көмек көрсететіні белгілі. Көркем аударма жекелеген қалам қайраткерлерінің ғана емес, бүкіл бір елдің әдебиетіне әсерін тигізеді.

Әр халықтың әдебиеті өз өмірімен тіршілік етеді. Ол халықтың тарихымен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен тығыз байланысты. Сонымен қоса басқа халықтар әдебиетімен қарым – қатынаста болады. Осындай қарым – қатынаста аударма еңбегі ерекше орында тұрады. Аударма – ақынның дүниетанымдық қорын байытудың баға жетпес көзі ретінде белсенді қызмет атқарады. Аудармашы Ахмет атамыздың таланты – айрықша талант. Ол өз тілінің айшығы мен ажарын, көркемдік бейнелеу мүмкіншілігін, бейнелілігін еркін меңгерген дарынды ақын болумен бірге, түпнұсқаның мазмұны мен мәнін, тіл байлығын, ұлттық бояуын жете білетін шебер маман.

Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармалары, саяси-ағартушылық қызметі-ұрпақтар үшін қазыналы мол мұра деуге болады.

Әдебиеттер:

1. Х. Әдібаев, М. Базарбаев, З. Қабдолов, Р. Нұрғалиев. Қазақ әдебиеті. 11-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: «Рауан», 1996. – 336 б.
2. Тұрсынғалиева С. Ч., Зайкенова Р. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін 5-сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Арман-ПВ», 2017. – 144 б.
3. Дулатов М. Ахмет Байтұрсынов. Кітапта: Міржақып Дулатов. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 323 б.

4. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, «Білім» қоғамы 1991. – 345 б.

«МЕКТЕП ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТ: ҒЫЛЫМИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚЫРЛАРЫ»

Сайлауова Сабина Бахытжановна

Көкшетау қаласы, техникалық лицей, 9 сынып оқушысы
e-mail: sabina.s.2007@icloud.com

Искакова Майра Исполловна
Көкшетау қаласы, техникалық лицейінің қазақ тілі мұғалімі
e-mail: mairra.i@mail.ru

Қазақстан Республикасының әлемдік білім кеңістігіне өтуіне байланысты білімдендіру дәрежесінің жаңа сапалы деңгейге көтеру қажеттігі соңғы жылдардағы білім беруді дамытуға арналған мемлекет тарапынан қабылданған “Білім туралы заңында”, “Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыру”, “Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру”, “Білім мазмұнын гуманитарландыру” тұжырымдамаларында және тағы басқа ресми құжаттарында ашып көрсетілген. Қазіргі замандағы ғылым мен техниканың даму жағдайындағы ғылымның әр саласында білім мазмұны мен көлемінің қауырт өсуіне байланысты жоғары оқу орындары мен мектеп арасындағы сабақтастық оқушылардың танымдық қызығушылығының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сондықтан да заман талабына сай маман дайындау жоғары сыныптарда басталып, студенттік кезеңмен ұштасып отырады. Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі – жастар өз білімінің тереңдігімен, кәсіби білгірлігімен бағаланады. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ- ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстар істеуге қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани бай жоғары мәдениетті азамат дайындау. Қазіргі таңда оқушылардың басым көпшілігі кәсіп таңдау кезінде өз қалауынан гөрі ата-аналарының ақыл-кеңесіне көбірек сүйенетін, немесе талапкерлердің мамандықтарды таңдаудағы білімсіздігі, олардың өзінің көңілі қаламаған мамандықты таңдауына жол береді. Осы себептер олардың оқуды тастап кетулеріне, болашақта мамандықтары бойынша жұмыс істемеулеріне негіз болады. Сондай-ақ, оқушыларды кәсіптік бағдарлау жұмыстарының мектеп қабырғасында соңғы сыныптарда ғана қолға алынатынын ескерсек, танымдық қызығушылықты қалыптастыру жүйелі түрде мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы үйлесімділік негізінде ұдайы іске асыруды талап етеді. Біз, жоғары сынып оқушылары болашақ кәсіби, өзінің алдағы атқаратын ісі туралы көп ойланамыз. Осы тұста өмір жолын таңдауына игі әсер ететін факторлардың бірі - танымдық қызығушылық. Оқушы тұлғасында танымдық қызығушылықтың қалыптасып дамуына ұзақ уақыт мерзімі қажет. Сол себептен оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда мектеп пен университет арасында сабақтастықтың мәні зор. Өйткені оқушы бойындағы оқуға, білімге деген қызығушылығы әрі қарай дамып болашақ мамандығына деген қызығушылығына ұштасу үшін мектеп қабырғасында атқарылған жұмыстар жоғары оқу орнында әрі қарай жаңа деңгейде жалғасын табуы керек. Оның ішінде баса назар аударатын мәселе мектеп оқушылары мен университет студенттерінің танымдық қызығушылықтарын сабақтан тыс жұмыстар арқылы қалыптастыру.

Адамда сан алуан қызығушылықтардың болуы мүмкін. Бірақ бұлардың ішіндегі ең негізгі қызығушылығы болады. Мұндай қызығушылықтар әсіресе оқу әрекетіне аса қажет. Оқуға қызығушының әсерлі, күшті, тұрақты, мазмұнды болуы оқушының сабақты үлгеруіне

ықпал етеді де, терең білім алуына көп жәрдем тигізеді. Қызығушылықтар оқушылардың оқу түрткілерінің дамуына байланысты қалыптасып отырады. Оқушыларда қызығушылықтың нақты көрінбеуі олардың өмірін мазмұнсыз етеді. Мұндайда олар енжар болып, зерігіп береке кетеді. Қызығушылықтың мазмұнды, әрі кең өрісті болуы, оның басты ерекшеліктерінің болуына байланысты. Қызығушылығы тұрақты қасиетке айналған адам ғана іс-әрекеттен жақсы нәтиже шығара алады және ісі берекелі, табысты болады.

Адамның қызығушылығы әртүрлі істерді орындауға ұмтылудан туады. Ал, түрткі сол істерге итермелейтін күш, яғни, адамның белгілі қажеттіліктерді қанағаттандырудағы іс-әрекетіне байланысты психологиялық көңіл-күйі. Қажеттілік адамның белсенді әрекетін тудыратын қозғаушы күш болса, білімге, оқуға мәжбүрлейтін оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыруда түрткілердің маңызы зор.

Қазіргі заманға сай еңбек адамына қажет, жеке адамның қасиеттерін қалыптастырады. Бұл қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы байланыстың болуы, бірден-бір маңызды жағдай.

Еңбекке белсенді көзқарас жеке адамның көзқарасынан, сенімінен, мінез-құлқының адамгершілік сипатынан, мотивациясынан және іс-әрекеттің туындау себептерінен көрінеді. Адам бойындағы қажет ,түрткі, ниет, тілек, ынта, ықылас т.б қасиеттер танымдық қызығушылық адамды білімге, кәсіпке, іскерлікке, іс-әрекеттілікке т.б бағыттайды. Танымдық қызығушылықтың туындауының себептеріне танымдық үрдістер жатады. Ал, танымдық қызығушылықтың негізгі компоненттеріне :

- мотивациялық құндылықтары;
- мазмұндық;
- технологиялық;

-шығармашылық іс-әрекеттер жатады. Бұл аталған компоненттердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игері, нәтиже туындайды. Бұл аталған компоненттердің қайсысы болса да мектепте басталып, жоғары оқу орнында жалғасып отыратыны белгілі.

Білім- жалпы, кәсіби, арнайы болып бөлінеді. Мектепте алған жалпы білімі, университетте кәсіби, арнайы, білімге ұштасады. Кәсіп-мамандық таңдаумен мамандықты меңгеруден тұрады да, жалпы білім беретін орта мектептерде басталып университетте , институтта, кәсіби техникалық колледждермен гимназияларда беріледі.

Сондықтан оқушылардың танымдық қызығушылығын ерте бастап қалыптастырып, білім алу жүйесінің барлық сатыларында дамытудың ерекше мәні бар.

Өз бақылауымның нәтижесінде

- еңбек нарығының сұранысына сай түрлі әдебиет, еңбектерді зерделеп, оқушылардың қажеттіліктері мен танымдық қызығушылықтарына сай тәрбие жұмыстарының оларды дамытудағы мүмкіндіктерін анықтадық;

-бақылау барысында оқушылардың бос уақытын қалай өткізетіндіктеріне мән бермейтіндігін, университет көлемінде бірінші курс студенттерімен танымдық қызығушылықтарды дамытуға бағытталған тәрбиелік жұмыстардың аз жүргізілетініне көз жеткіздік;

-сабақтан және аудиториядан тыс жұмыстардың түрлері, ұйымдастыру әдістері мен тәсілдері оқушылардың таным әрекетіне қажеттілігін тудыратынына көз жеткіздік.

Қалыптасқан танымдық қызығушылық оқушылардың оқып үйрену іздемпаздығының қозғаушы күші болып табылады деген қорытындыға келдік.

АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Егінбек Дәурен Маратұлы

Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Чаглинка НОМ, 7 сынып оқушысы

Оспанова Бибигуль Габбасовна
Ақмола облысы, Зеренді ауданы Чаглинка НОМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
erdaulet0306@mail.ru

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған ауыл.

«Мен бақыттымын,
Бақытты жерде туылдым.
Айналайын Қарасаз,
Қасиетіңнен суыңның!
Сенің әрбір бұлағың,
Менің әрбір қан тамырым емес пе?
Қасиетті тұрағым,

Қасиетіңнен суыңның [1,16-б.], –деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай мен де бақыттымын, туған ауылымның қадір-қасиетін білемін.

Уа, дарига, алтын бесік туған жер
Қадіріңді келсем білмей кеше гөр
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей
Ақын болмай тасың болсам мен егер [2,45-б.],

– деп ақын Қасым Аманжолов та туған жерге деген ыстық сағынышын тебірене жырлайды.

Ғафу Қайырбеков туған елдің қасиетін ұғына отырып жүрекжарды ықыласын былайша білдіреді.

Туған жер – алтын бесік, асыл анам,
Ауаңмен, ақ сүтіңмен асыраған,
Мен-дағы ұлың едім өзің тектес,
Алысқа несібесі шашыраған [3,23-б.].

Белгілі ақын Қалқаман Сарин ауыл жайлы былайша толғанады:

Қатты маған қызуың күннен сенің,
Сағынышым өзіңсің, мұң мен шерім.
Қайран ауыл, қалдың-ау үзіп алып,
Жұдырықтай жүректің бір бөлшегін [4,45-б.].

Менің туған жерім – Ақмола облысы Зеренді ауданы Чаглинка станциясы. Осы ауыл менің туған жерім, кіндік қаным тамған жер.

«Ауылым – алтын бесігім» демекші, туған жерім маған ыстық. Елден сәл жыраққа кетсем де ауылды бір елі естен шығарған емеспін. Қайда жүрсем де ауылымның тамаша табиғаты, таза ауасы мен қысқа да болса ауыл тарихы туралы естігенімді қағаз бетіне түсіруді мақсат еттім, олар өздерінің мазмұнымен және айтушының жақсылап жеткізуімен ұнады.

Атам қазақта «Туған жердің түтіні түзу шықсын», «Туған жердің ауасы шипа», «Туған жер – тұғырын», «Туған жерден топырақ бұйырсын» деген мақал-мәтелдер, нақыл сөздер көп. Осы айтылғандарға барынша үңіліп, тереңірек толғансақ, туған жердің қадірі түпкі мағынасы Отанды сүю екенін түсінесіз, Туған жерге деген сүйіспеншілігің артары сөзсіз. Ендеше, болашақ жас ұрпақты отансүйгіштікке қазағымның салты мен дәстүрімен қоса елдің тарихын ұмытпаса екен деген ойдамын, көне көз қариялар өмірден кетеді, білгендерін өздерімен алып кетері анық, сондықтан да тарихта еш нәрсе қалмайды.

Олай болса, көне көз кісілердің көзі тірісінде осы асылдарды алып қалуды өзіме мақсат еттім. Осы жұмыспен тоқталмаймын, әлі ауылдағы ескі әндер мен жырларды жинаймын деген өзіме болашақта мақсат қойып отырмын.

Көкшетау қаласының солтүстік батысын ала бере 10 шақты шақырымды құрайтын , Нұрсұлтан – Петропавл тас жолының іргесінде орналасқан Чаглинка станциясы бар. Әуелі «№ 15 разъезд» болып құрылған бұл теміржолдың ұзынды-қысқа тарихы 100 жыл. Сонау Совет Одағы құрылысынан бастау алатын бұл разъезд 1922 жылы салынған ұзындығы 180 км құрайтын Петропавловск–Көкшетау теміржол теліміне қосылды. Сөйтіп, разъезге екі барақ тиіптес үй салынып, бір барақ төртке бөлініп, алғашқы теміржолшылар отбасыларымен жан жақтан көшіп келіп тұра бастады. Олар: Көтербеков Қазетай, Көтербеков Атажан, Хасенов Әубәкір, Ахметов Жанмолда, Жакенов Мұқаш, Ахметов Есмағұл, Жакенов Жүсіпбала, Ильясов Жақан.

Бұл үйлер «Ақ-Барақ»деген атауға ие болады. Сөйтіп бара бара разъезд үлкейіп, теміржолшылардың жұмысы көбейіп, маңайдағы ауылдардан жұмысшылар тартылып жиырма тоғыз үйге көбейді. Ұлы Отан Соғысы кезінде талай эшелондар осы разъезден тиеліп, теміржолшылар жеңіске өз үлестерін қосты. Теміржолшыларда темірдей тәртіп болды. Поезд жолына ешбір кедергі жасамас үшін, аянбай тер төкті. Сондай жандардың бірі Мақтаев Евней-Ғаппас еді. Ол кісі 1918 жылы Кокчетав облысы, Володаровка ауданы, Қаратал ауылында дүниеге келген екен. 1939 жылы осы жерден Петропавл аудандық әскери военкоматынан әскерге шақыртылып, 1940 жылдың 03 сәуірінен бастап, 09 мамыр 1945 жыл аралығында теміржол әскери полкінің тасымалдау бөлімшесінің ефрейторы, 2-ші Украина майданында 1943 жылға дейін, 3-ші Украина майданында 1944 жылға дейін, Оңтүстік әскери тобында 1945 жылға дейінгі аралықта Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, екі рет жарақат алған. Варшава, Будапешт, Венаны алғанда ерлік көрсетіп және басқа да қалаларды азат етуге өз үлесін қосқан темір жол полкінің ефрейторы Мақтаев Евней-Ғаппас Жоғарғы бас қолбасшы Иосиф Виссарионович Сталиннің Алғыс хатымен, I және II Отан соғысының ордендарымен, «Будапешті азат еткені үшін», «Венаны азат еткені үшін», «Ұлы Отан Соғысында Германияны жеңгені үшін» деген және Совет Одағының Маршалы Г.К.Жуковтың медальмен марапатталған.

Соғыс аяқталғаннан кейін бұзылған теміржолды қалпына келтіру бойынша жұмыс атқарып, елге 1946 жылы оралған. Қайтадан Көкшетау теміржол бөлімшесінің № 15 разъездің жол бригадирі болып тағайындалады. 1946 жылы атқарған адал еңбегінің арқасында Коммунистік партия қатарына қабылданады. Бірнеше рет Облыстық Еңбек Одағының депутаты болып сайланады. Жұбайы Жұбаныш 1925 жылы Бурабай ауданындағы Обалы ауылында дүниеге келген екен. 7-кластық білім алғаннан кейін, мал дәрігерлік мектепті бітіріп, мал дәрігері, ферма менгерушісі бола жүріп екеуі төрт бала тәрбиелейді. 1976 жылдан бастап темір жол саласында компрессорлық құрылғының шебері қызметін атқара жүріп, тыл еңбеккері атанып, «Көкшетау теміржол бөлімшесінің медальімен» марапатталған. Теміржол саласында адал қызмет атқарады, темір жол саласынан зейнеткерлікке шығады. 15-ші разъездің тарихынан бастау алатын екі еңбек ардагері бүгінде осы ауылдың қорымында жерленген.

1954 жылы Советтік Социалистік Одағының ЦК КПСС-тің жоғарғы пленумының шешімімен Қазақстан жерлерін тыңайту туралы шешім қабылданғаны туралы тарих беттерінен таныссыздар. Сол кезде барлық жерлер жыртылып, егістікке айналды. 1950 жылдарға дейін бұл разъезде бір ғана Кокчетав-Володаровка жіңішке колеясы ғана болған. Осы жылдары орылған егінді жеткізу мақсатында Қызылту-Көкшетау темір жол торабы тартылды. Бұл жолды тарту үшін Отан алдында борыштарын өтеу үшін келген темір жол әскери полкінің солдаттары жұмылдырылып, осы разъезден 3 Әскери бөлімше тұрғызылып, 2 әскери қалашық салынды. Дүкен ашылды. Разъездің халқы теміржолдың арғы бетінен бергі бетіне көше бастады. Әсери бөлімше осы разъезде 1969 жылға дейін болып, кейін Москва түбіне көшірілді, бүгінде казармалардың орны ғана бар.

1960 жылдары осы разъездің бойымен ағып өтетін Чаглинка өзенінің атауымен теміржолдың арғы беті, яғни Кокчетав–Петропавл тас жолының бойында орналасқан ауыл Чаглинка станциясы деген атау алды.

Кеңестік заманның шарықтау кезеңі болған 1980 жылдардың басында, нақты айтар болсам 1983 жылы облыстық жанармай базасы мен ауыл теміржолдың бергі бетінен бір мезетте қатар салына бастады. Әдемі үйлер, жатақхана, мектеп бой көтере бастады. Алғашқы мұғалімдер легінде Завалий Пеларгия Максимовна болған.

1985 жылы Көкшетау жанармай базасы осы Чаглинка станциясына көшіп келді. Мемлекеттік Мұнай өнімдері Комитетінің басқармасы пайдалануға беріліп, Жижимов Владимир Николаевич басшысы болып сайланды. Жан жақтағы Гранитный, Васильковка, Алексеевка, Бірлестік ауылдарынан жұмысшылар шақырыла бастады. Мемлекеттік Мұнай өнімдері Комитетінің басқармасы тікелей сол кездегі бас қала Москваға бағынды. Бұл Басқармамен қатар өсіп келе жатқан ауылдағы көрікті үйлерді салу мақсаты – Кеңес Одағындағы Үлгілі ауылдардың бірі ретінде көрсетіліп, насихатталды.

1987-1988 жылдары Кеңес Одағы бойынша Чаглинка станциясында тұрған мұнай базасы 2-Құрметті орынға ие болды. Киев мұнай базасы 1- орынға ие болды.

Станцияда екі «Қазақстанның Құрметті теміржолшы» атағын алған екі теміржолшы болды. Біреуі – Мақтаев Евней-Ғаппас, екіншісі Сағандықов Тасболат атамыз.

Теміржолшылардың династиясын жалғастырып келе жатқандарда баршылық, олар: Жакенов Бақытжан, жалпы династияның теміржол саласы бойынша өтілдері 270 жыл, Хасенов Арыстанбек, жалпы династияның теміржол саласы бойынша өтілдері 285 жыл.

Қазақ халқы өзінің дәстүрін қадірлеп, қастерлеп, атадан балаға мирас етіп қалдырып жүрген халық екендігі айдан анық. Үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету сияқты өсиетімен ерекшеленген қазақ халқы, жүрген жерінде өзінің қай жерден, қай рудан шыққанын біліп жүрген екен. Әрдайым үлкеннің батасын алып «Баталы ел арымас, батасыз ел жарымас» деген сөз осыдан қалған деседі. Аз да болса ауыл тарихына көз жүгіртіп, өз ауылының тарихында қалған, ел аузына өз еңбегімен іліккен аталарымыздың бейнелері, жасап кеткен істері өскелең жас ұрпаққа үлгі болса екен деймін. Өткен тарихы мен аманат еткен істерін біз ұмытпай жалғастырсақ екен деймін. Ауылымның тарихының тереңіне бойлау алдыңғы уақыттың еншісінде деп ойлаймын.

Мақала соңында белгілі ақын Марфуға Айтқожина жырынан үзінді келтіргім келеді:

Толқыны асыр салған бағы қырда,
Керемет бұлқыныс бар ағынында.
Соқтырған жүрегімді қанымдайсың,
Тулаған алпыс екі тамырымда [5,45-б.].

Әдебиет:

1. Мақатаев М. Аманат. Жыр жинағы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 б.
2. Аманжолов Қасым. Өлеңдер. Поэмалар: жинақ. – Алматы : Өлке баспасы, 2013. – 287 б.
3. Қайырбеков Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Қазығұрт, 2012, – 381 б.
4. Қалқаман Сарин. Арманымның бейнесі. Өлеңдер жинағы. Астана: Нұра, 2010. – 106 б.
5. Айтхожа М.Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1. –Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. – 408 б.

АЙЫРТАУЛЫҚ ӘМІРЕ СҰЛТАНМҰРАТУЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Жұмабек Диар Ғарифоллаұлы

Көкшетау қ., №21 мектеп-лицей, 7 сынып оқушысы

Жетекшісі: Абылкасова Айнагүл Болатовна

Көкшетау қ., №21 мектеп-лицей, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Abylkasov70@mail.ru

Соңғы жылдары елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жариялады. Оның ішінде «Туған жер» деген бөлім бар, менің қарастырған тақырыбым осы аймаққа белгілі адамдар шығармашылығына кіреді деп ойлаймын. Осыған орай бұрынғы Көкшетау облысы Айыртау ауданында туған халық ақыны Әміре Сұлтанмұратұлы жайлы мәліметтер жинадым. Өйткені бұл адамның өмір жолы мен шығармашылығы қиын да қызықты болған. 2016 жыл Ұлт азаттық көтерілісінің 100 жылдығы болғанын білесіздер. Ұлт азаттық көтерілістің басында атақты батыр Амангелді Иманов тұрды. Ол кісі батыр адам болған, қазақ халқының азаттығы үшін күрескен. Ал мен өмірі мен шығармашылығы жайлы қарастырған Әміре Сұлтанмұратов бала кезінде жетім қалып, кейін өскен соң осы халық батыры Амангелді Имановтың отрядында болған. Ол кісіден көп жақсылықтар көрген. Кейін өз еліне келіп «Амангелді батыр» деген шығармасын жазды. айтыскер ақын болған. 1936 жылы, 1940 жылдары Алматы қаласында өткен ақындар айтысына қатысқан. Халық ақыны Жамбыл Жабаевпен кездескен. Әміре Сұлтанмұратовтың көп шығармалары Алматы қаласындағы ғылым академиясының қолжазбалар қорында сақтаулы тұр. Ақынның ұрпақтары қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Бірлестік (Қантай) ауылында тұрады. Ақынның шығармашылық мұрасы жайлы мәліметтерді Көкшетауда және Бірлестік ауылында тұратын ақынның ұрпақтарынан сұрап білдік. Көкшетау өлкесінде өнерлі атақты адамдар көп болған. Бірақ олардың барлығы жайлы еңбектер өте аз, сол себепті мен бұрын зерттелмеген, адамдар көп біле бермейтін ақын өмірі мен шығармашылығы қызықтырды.

Әміре Сұлтанмұратұлы – біз мақаламыздың басында атап өткендей, әйгілі салсерілердің өнерін ХХ ғасырда жалғастырушылардың бірі – халық ақыны. Ол Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтардың әндерін өткен ғасырға жеткізушілердің бірі. Әміре Сұлтанмұратұлы бар ғұмырын қазақтың ән өнерін, айтысын насихаттап, дамытуға арнаған адам екендігіне оның шығармашылығымен танысу арқылы көз жеткіздік.

Әміре Сұлтанмұратұлы туралы деректер, оның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер «Ақын Әміре Сұлтанмұратұлы және Қарауыл-Қантай елінің тарихы» [1], Есмағамбет Ысмайыловтың Ақындар»[2] кітабында, Жұмабай Есекеевтің «Айыртау арыстары» [3]. еңбегінде, «Қазақ Совет энциклопедиясында» [4], «Солтүстік Қазақстан», «Көкшетау» газеттері мен «Сарыарқа» журналында жарияланған. Дегенмен, Әміре Сұлтанмұратұлының әдеби мұрасы әлі күнге дейін толық жиналып, бір ізге түсіріліп, кітап болып басылған жоқ деп айта аламыз. Себебі, ақын шығармашылығы біршама қамтылды деген «Ақын Әміре Сұлтанмұратұлы және Қарауыл-Қантай елінің тарихы» атты кітапқа шығу тарихы қара сөзбен өзінің жазған түсініктемесімен қосып беріліп отыратын 21 өлең мен «Амангелді» дастаны ғана қамтылған. 12 баспа табақтық, 190 беттік кітапқа енген өзге материалдардың көбі шежіре мен ақынның туып-өскен еліне қатысты туған әңгімелер мен жырлар болып келеді.

Осыған орай бұрынғы Көкшетау облысы Айыртау ауданында туған халық ақыны Әміре Сұлтанмұратұлы жайлы мәліметтер жинадым. Өйткені бұл адамның өмір жолы мен шығармашылығы қиын да қызықты болған. Ұлт азаттық көтерілістің басында атақты батыр Амангелді Иманов тұрды. Ол кісі батыр адам болған, қазақ халқының азаттығы үшін күрескен. Ал мен өмірі мен шығармашылығы жайлы қарастырған Әміре Сұлтанмұратов бала кезінде жетім қалып, кейін өскен соң осы халық батыры Амангелді Имановтың отрядында болған. Ол кісіден көп жақсылықтар көрген. Кейін өз еліне келіп «Амангелді батыр» деген шығармасын жазды. Ақын «Амангелді батыр» дастанында өз өмірі жайлы былай жырлаған:

1870-жылы туған бала,
Сөз жаздым тарихымды есіме ала.
Төрт жасқа келгенімде анам өліп,
Жетім боп, әр білімнен қалдым шала.
Жалғыздық, жетімдікпен қатар келіп,
Кең жайлау, тар көрінген – маған дала.
Жеттім ғой, көп қорлықпен он жасыма,

Кемсініп жуымайды жан қасыма.
Он менен жиырманың арасында,
Тең шығар мехнатым бұл жасыма
Жас жетті санаменен он бесімнен,
Түседі көрген қорлық енді есіме.
Болмаған жұрт қатарлы – кемдік күнің,
Жазамын тарих қылып мен несіне?
Көп қорлықпен он алты – келдім жасқа,
Кем болдық киер киім, ішер асқа.
Өгейден рахатым жоқ, тыныш болмай,
Қайрылып тиіп жүрдім маңдай тасқа.
Жалдандым атқосшы боп Жалмұқанға,
Жалғыздық, жетімдікпен түсті басқа.
Ат жегіп, шай қайнатам, бақыр асам.

Ауырға күшім келмей, болдым жасаң – деп жырлады.

Сонымен қатар Әміре Сұлтанмұратов көптеген өлеңдер жазған және ол айтыскер ақын болған. Ақынның шығармашылық мұрасы жайлы мәліметтерді Көкшетауда және Бірлестік ауылында тұратын ақынның ұрпақтарынан жинадық. Сол сияқты халық ақыны Әміре Сұлтанмұратов жайлы деректерді Ш.Уәлиханов атындағы университеттің оқытушыларының жасаған зерттеу жұмыстарынан да кездестірдік. Ақынның кейбір өлеңдері мен шығармалары: «Амангелді батыр» дастаны, «Білмес» дастаны, «Ленин деп халық жырлайды» (1969ж.), «Песня степей» (Дала жыры 1940ж.), «Колхозды ауыл осындай», Сталинге арнау сияқты өлеңдері бар.

Ақын біраз жыл Амангелді батырдың жанында болып, кейін өз туған еліне келеді. Әміре ақын туған жеріне келген соң Қантай аулында жеке шаруашылығымен күн көреді. Ақан серінің, өз әкесі Сұлтанмұраттың әндерін тыңдап, шығармашылығын жетілдіреді. Қазақстанда Қазан төңкерісі жеңген тұста ақынды жұмысқа шақырады. Ел ішіндегі әншілер, жыршылар, ақындарды жинап, оларға кеңес өкіметін мақтауға, саясатын жүзеге асыруға тапсырма беріледі. Бірақ бұл кезде де Әміре ақынның ел басқарушылардың ісіндегі кемшіліктерге өзінің батыл сынын айтып, өлеңдер шығарған. Сондай өлеңдерінің бірі мынадай:

Атарман мен шабарман,
Барады қырып елдегі.
Ақылсыздар, ақымақтар,
Шабатын қылыш белдегі.
Арамдық қылса текті боп,
Семірген ат қой жемдегі.
Сорайып үлкен лепілер,
Басқарма, белсенді берендер...
...Қай жерден олжа келед деп,
Үкіметті сылтау қып...
...Көңіл – қорқақ, тіл – батыр,
Қоймасын естіп жеменгер.
Жағалтайдан қорқамын,
Мен емеспін кемеңгер.
Жағалтай, қырғи өшігіп,
Мен бір торғай – жемендер.
Ауылнай, хатшы – халық жауы –
Мен айтты уәкіл – демендер.
Мен айтты деп естісе,
Ұрармын бәлем, енең – дер[1, 38-бет].

Ақын кеңес үкіметімен қорқытып, елдің ішін бүлдіріп жүрген жастардың ісіне сын айтады. Сол кездегі үкімет тарапынан берілген билікті өз мүдделеріне қолданған және халық

үшін қызмет жасай алмаған әкім-қараларды өткір сынға алады. Олардың ел ішін бүлдіріп жүрген жағымсыз қылықтарын былай деп өлеңге қосады:

Осы күнгі жастардың,
Комсомолмыз деп көбісі,
Заң жүзіне лайық,
Жарамды болу – тек ісі.
Ұранын білмей ақымақтар,
Қиратып келер жегісі.
«Мен – комсомол!» дейді де,
Шабыспен қисық желісі.
Қараңғы кедей нашарлар,
Пісіп бір тұрған егісі.
Қайтсін жемей байғұстар,
Болған соң тәтті жемісі.
Айтайын десең келеді,
Өзінді қара дегісі[1, 41].

Міне, осылайша Әміре Сұлтанмұратұлы өзінің көз алдындағы кемшіліктер мен келеңсіздіктерге қарсы өмір бойы күресуін қоймайды. Сол кездегі Әміре ақынның көзін көрген ауыл қарттарының айтуы бойынша әкімдер мен аудан, облыс басшылығында отырғандар ақынды сырттай жек көрсе де кездесе қалған жағдайда қарсы ештеңе айта алмайды екен.

1932 жылы Әміре Сұлтанмұратұлы ел астанасы Алматыда өткен Қазақстан ақын-жазушыларының I съезіне қатысады. Әйгілі халық ақындары Нұрпейіс Байғанинмен, Кенен Әзірбаевпен, Нұрқан Ахметбековпен, Нұрлыбек Баймұратовпен, тағы басқаларымен кездесіп, сұхбаттасады. Ол съезд құрметіне өткізілген ақындар айтысына қатысып, жүлдегер атанады. 1937 жылы Алматыда өткен Қазақстан ақын-жазушыларының екінші слетіне қатысады және осы жолы Жамбылдың жанына отырып өлең оқиды. «Әміре Сұлтанмұратұлының ескіше, жаңаша хат таныған сауатты адам болғандығы айтылады. Ол Алматыға 1934 жылдан бері өз өлеңдерін жіберіп тұрған. Өлеңдері жоғалып кетіп, табылмағаннан кейін өзінің мұңын, қайғысын айтып, өмірбаянын жазып кеткен»[2].

1939 жылы Қазақстан Жазушылар одағының II съезіне қатысады. Осы жылы Айыртау ауданында жинақталған озық делегациясының құрамына еніп, ел астанасы Мәскеуге барып қайтқан.

Өкінішке орай, Әміре Сұлтанмұратұлы жайлы деректер әдеби дерек көздерде көп кездесе бермейді. Қазақ совет энциклопедиясының онынышы томында ақын жайлы қысқаша мәлімет келтірілген. Сол сияқты белгілі әдебиет танушы Е.Ысмайыловтың «Ақындар» атты 1959 жылы шыққан еңбегінде «Ә.Сұлтанмұратов жастайынан ел ішіне ақын ретінде танылған. 1916 жылы патша өкіметіне қарсы өлең шығарғаны үшін жер аударылып, Атбасарда болды. Октябрь революциясынан кейін социалистік жаңа өмір және В.И.Ленин туралы көптеген өлеңдер жазды. «Амангелді батыр» (1924ж.) дастанын шығарды. Оның бірсыпыра өлеңдері «Ленин деп халық жырлайды» (1969ж.), «Песня степей» (Дала жыры 1940ж.), тағы да басқа жинақтарға еніп, республикалық баспасөз беттерінде жарияланды. Советтік Республикалардың ақындар слеті (1937ж.) мен ақындар айтысының (1943ж.) жүлдегері. Қолжазбалары Қазақ ССР-нің Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында сақтаулы деген мәліметтер берілген.

Халық ақыны Әміре Сұлтанмұратұлы осылайша бар өмірін ақындық жолға арнаумен қарттық шаққа жетеді. 1950 жылы тамыз айында 81 жасқа қараған шағында туған жері Қантай-Бірлестік аулында өмірден өтеді.

ӘДЕБИЕТ

1 Ақын Әміре Сұлтанмұратұлы және Қарауыл-Қантай елінің тарихы. – Көкшетау: Келешек-2030, 2009. – 136 б.

2 Е. Ысмайылов. Ақындар. – Алматы: Қазмемәдеббас, 1968. – 316 б.

3 Ж. Есекеев. Айыртау арыстары. – Көкшетау: Келешек-2030, – 215 б.

4 Қазақ Совет энциклопедиясы – Алматы: ҚСЭ, 1985. – 1760 б.

5 Ғ.Абылқасов. Есіл-Көкше өңірі халық ақындарының шығармашылық мұрасы. - Көкшетау: Ш.Уәлиханов атындағы КМУ баспасы 2017. – 217 б.

6 Ж.Қадыров. Солтүстік Қазақстан өңіріндегі ақындық дәстүр жалғастығы. – Петропавл, 2005 – 145 бет.

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» ХИКАЯТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Шайкенова Диана Олжасовна

Көкшетау қаласы, № 21 мектеп-лицейі, 7 «Г» сынып оқушысы

Саттыбаева Бакыт Аманжоловна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

bahyt0969@mail.ru

Жас ұрпақтың сүйікті жазушысы Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазанда Алматы облысының Нарынқол ауылында туған. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын бітірген. Содан соң Нарынқол ауданында мұғалім болған. Жазушының тырнақалды туындысы «Он алты жасар чемпион» повесі 1951 жылы жарық көрді. Оның атын ерекше танытқан шығармасы «Менің атым Қожа» повесі болды. Ол орыс, француз, украин, литва, латын, молдаван тілдеріне аударылған. 1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясында экрандалған. Осы көркем лента 1967 жылы Канндағы халықаралық кинофестивальда арнаулы жүлдені жеңіп алды. Кинофильмнің режиссері – Абдулла Қарсақбаев болған.

«Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді» демекші балалардың сүйікті жазушыларының бірі Бердібек Соқпақбаев артында «Менің атым Қожа» хикаятынан басқа «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гауһар» және «Ергежейлілер елі» т.б. сияқты көптеген әңгіме, хикаялар қалдырды. Балалардың мінезін ішкі дүниесімен жақсы сезіне білген Бердібек Соқпақбаев әрбір шығармасында өзі туып өскен Нарынқол таулы өңір табиғатының суреттерін оқырманға үлкен шеберлікпен жеткізіп отырған.

Б. Соқпақбаевтың әңгіме, повесть, романдары және пьесаларында балғын шаққа батыл саяхаттар жасап, тандандырып, тамсанып, балдәурен әсерлерін, балаға тән қиялдап, өмірдің өз болмысын тебіреніп отырып толғайды. Оқысаң еріксіз езу тарттырып, кейде күрсінтіп терең ойға жетелейді. Лезде кейіпкерлермен етене араласып, олар өзің күнде көріп жүрген адамдардай Беркен, Қожа секілді кейіпкерлерімен жадында жатталып қалады.

Жазушы С.Шаймерденов: «...Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды бекерден-бекер шимайламайтын еді ғой» – деген пікір айтады. Нақтылы жазу, ұтымды жазу Бердібек Соқпақбаевтың қаламына тән.

Жазушы Т.Ахтанов: «... Бердібек не нәрсені жазуды, оны қалай жазуды еркін игеріп, меңгерген суреткер жазушы. Баршаңызды рухани азығымыз – көркем әдебиетті көп оқуға шақырамын.» – дейді.

1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде жазушының сценарийі бойынша қойылған «Менің атым Қожа» фильмі арнаулы жүлдеге ие болған. Ол тек балаларға арнап шығармалар жазып қойған жоқ, сонымен қатар жасөспірімдерге арнап «*Бозтөбеде бір қыз бар*» атты пьеса, «*Өлгендер қайтып келмейді*» атты роман, «*Гауһар*» атты повесть және тағы басқа да жиырмаға жуық кітаптарын шығарды.

Жазушы: *Қай жазушы болсын, өзінің жақсы сезінген, көрген, білген, жете зерттеген жайларын жазады. Және үлкен бір қаламгер: «Әр жазушы әуелі өзін жазады» деген екен. Осыларға саятын болсақ, мінез құлық, іс-әрекет жағынан Қожа менің балалық шағыма көбірек ұқсайды. Повесть өзім, достарым, мектебім, туып-өскен ауылым жайында әңгіме*

қозғайды. Сондықтан да шығарманың 1957 жылы бірінші жарық көргендегі әуелгі аты – «Өзім жайлы повесть» болатын.

Біздің ата-аналарымыз, ата-әжелеріміз, аға-апаларымыз Соқпақбаевтай қадірлі қаламгер шығармаларын оқып өсті. Өлі де оқып келеді. Жазушының кез-келген шығармасын қолыңа алсаң, әрі қарай қызықтырып, жетелей жөнелетін сияқты. Бердібек ата өзінің балалық шағынан алған әсерлерін көпке дейін ұмыта алмай, сол ғажайып көңіл мен көріністердің өзін оқырмандарына жеткізе білген жазушы. Жеткізіп қана қоймай классик жазушыға, балалардың сүйікті жазушысына айналды. Балалық шақта жазушы өзінің кейіпкеріне қатты ұқсапты. Олар сияқты ауылдың қара сирақ баласы болған. Әсіресе, өздеріне арнап жазған бір шығармасының кейіпкеріне өте ұқсайды.

Повесте кішкентай Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен әр түрлі қызықты оқиғалары жайлы баяндалады. Ол қанша бұзықтық жасаса да жақсы адам болуға талпынысы бар. Өзінің жасаған бұзықтығының бәрі әкесіз өскендігінен деп ойлайды. Қожа өзінің мінезін, тәртібін өзгертуге тырысады. Әңгімеде Қожаның балалық махаббаты да үлкен рөл ойнайды. Ол сыныбындағы үлгілі, тәртіпті әрі сабағын үздік оқитын Жанар деген қызды жақсы көреді. Тіпті кей кездері Жанарға арнап өлең де шығарады. Жанарды әрқашан көргісі келіп тұрады. Қожа жазушы болуды армандайды.

Қожа – қазақ балаларының Том Сойер іспетті сүйікті кейіпкері. «Менің атым Қожа» повесі қарапайымдылыққа, нанымдылыққа туған. «Өтірік ештеңе қоспаймын» – деп уәде берген автор уәдесін орындайды да. Бұл повесінде жазушы балаларға бала болып сырын ашады, өзінің бар болмысын, жамандығын да, жақсылығын да жасырмай жазады. Сол жасырмай жазушының арқасында оқырманның ыстық ықыласын өзіне аударады. Повестің өн бойында мейір қозғайтын, әдеп ұқтыратын және оны әдейілеп оңашаламай, оқиға барысында жымдастырып келтіретін тұстары мол. Автордың Қожа мінез-құлығын танытуда асқан шеберлігін байқаймыз: «Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды.

Әрі мағына жағынан да қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқандай, бұлар жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл, өзіңе де ұнамайды-ақ. Әттең, қолдан келсе табанда өзгертіп, әдемі аттардың біреуін өзгертіп алар едің...

Жарайды, өткенге өкініш жоқ дегендей, істің турасына көшелік. Менің атым – Қожа. Көріп отырсыңдар, пәлендей әйдік ат емес.

Шынымды айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігінің өзінде солай деп жазылған....

Сонымен мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін, өңімізге қарап; мені қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды.

Әуел баста мен бұған өкпелеп қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп; дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «әу» деп жалт қарайтын болдым.

Фамилиям Қадыров... Қадыр – менің әкем...» [1,23].

Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқандай, бұлар жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады.

Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл, өзіңе де ұнамайды-ақ. Әттең, қолдан келсе табанда өзгертіп, әдемі аттардың біреуін өзгертіп алар едің...

Жарайды, өткенге өкініш жоқ дегендей, істің турасына көшелік. Менің атым – Қожа. Көріп отырсыңдар, пәлендей әйдік ат емес. Шынымды айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігінің өзінде солай деп жазылған... [1,89].

Сонымен мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін, өңімізге қарап; мені қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды.

Әуел баста мен бұған өкпелеп қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп; дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «әу» деп жалт қарайтын болдым.

Фамилиям Қадыров... Қадыр – менің әкем...

...«Әке» деген сөзді айтқанда, жүрегім қарс айырыла жаздайды-ау. Қандай жақын, қандай ыстық! Ей, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер әлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігім де шығар... [1,96].

Осындай Қожаның сырын оқығанда, қай-қайсымыздың есімізге әкеміз түсері сөзсіз. Жазушы әкенің қадірін өстіп әдемі әдіспен айтып өтеді.

...Жасы үлкен таныс адамға сәлем бермеу-көргенсіздіктің белгісі- деп мамам мені талай баулыған. Сол парызымды амалсыз өтеп, «сәлеметсіз бе?» дей салдым... [1,123].

Қожаның тентектігі тектен-тек емес, белгілі бір логикадан туындайды. Адам жанын түсіне, ұға бермейтін шолақ белсенділерге, екі жүзділерге қаны қайнайды.

Қожаның тентектігі белгілі бір жағдайдан туындайды. Болашақта ақын-жазушы болуды армандайтын Қожаның бойына жағымсыз мінез, ұнамсыз қылық қайдан келді?! Тәртіпсіздігінің себебі неде? Оның атышулы іс-әрекеттеріне кінәлі оспадар Сұлтан ғана ма? Әлде немересінің бетінен қақпайтын қарт әжесі ме? Әлі де баланың нәзік жанын түсіне бермейтін тәжірибесіз педагог Майқанованың пионер лагеріне Қожадан үлгерімі төмен Жантасқа жолдама беруінің әсері ме? Ұстаздың шәкіртті дұрыс бағаламауының да бала тәрбиесіне тигізетін әсері мол екен. Дер кезінде дұрыс бағыт бере білген болса, Сұлтан да теріс жолға түспес пе еді!? Осындай сан алуан сұрақтар сырын ашу үшін жазушының әдеби жағдайға ерекше мән бергенін көреміз.

Шығарманың бас кейіпкері Қожа мінезінің қалыптасуына өскен ортаның, отбасының, мектептің игі әсері болды. Ал енді оқушылар Қожаның сотқар болуы мен әдепті жолға түсуіне не себептер болды?

Қожаның сотқар болуына себепкер нәрселер: әжесінің еркелетуі, әкесін сағынуы, зеректігі, өзінің менмендігі, анасының жұмысбастылығы.

Қожаның әдепті жолға түсуіне себептер: анасын аяулы, Сәйбек қарт, Оспанов ағайдың айтқан естеліктері, Майқанованың педкеңестен шығып бара жатып айтқан сөзі.

Қай-қайсымызға да экраннан көріп жүрген Қожа туралы кітапты жазған Бердібек Соқпақбаевты жақсы көрмеуіміз мүмкін емес. Қожа әрқайсымыздың жанымызға жақын да таныс кейіпкер. «Менің атым Қожа» повесін әлем әдебиетінің осы бағытта жазылған /балалар тақырыбына/ шығармалар санатында бағалауға лайық, әлемдік рухани қазынаға үлес болып қосылған туынды ретінде қарауға болады. Б.Соқпақбаев балалар бейнесін жасауға арналған осы повесть арқылы шығармашылықтың биік шыңына көтерілді. Ол «Менің атым Қожа» повесінде Қожа, Сұлтан тәрізді кейіпкерлер бейнесін сомдай отырып, қазақ балалар әдебиетіне, қазақ прозасына өзіндік өрнек, өзіндік стиль қалыптастырып, жаңа идеялық бағыт әкелді. Өнер адамы өзінің балалық шағынан нәр алады. Өмір бойы сол қыр астында қалған жастықтың жасыл белесінен келісті сурет, көркем бояу тауып, соны қайыра көз алдына елестетіп, жаны байып, жаңғырып отырады. Б.Соқпақбаев та өзінің балалық, жастық шағынан мол қазына жинаған. Повестің басты кейіпкері – Қожа арманшыл, сотқар бала. Тентектігімен үнемі түрлі жағдайларға тап болып жүретін Қожа ақыл-ойы мен біліктілігінің арқасында қиындықтардан шыға алды. Ол біреудің қайғы-қасіретіне көз жұма қарамайтын елгезек, жоғары әділеттілік сезіміне ие, досқа адал, қайырымды, зұлымдыққа жол бермейтін бала. Ал

осы қасиеттердің барлығы оқырмандардың жүрегінен мейірімділік тудырып, Қожа батыр бала атанды.

Әдебиеттер:

1. Соқпақбаев Б. Таңдамалы.- Алматы: Жазушы,1987. – 345 б.
2. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа: Повесть,роман / Құраст. Р.Мәженқызы.- Алматы: Елорда, 1999.-466 б.
3. Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін 5-сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Арман-ПВ», 2017. – 144 б.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ ТАҚЫРЫБЫ

Кусаинова Айымгүл Сұңғатқызы

Көкшетау қ., Абай атындағы дарынды балаларға арналған
№3 облыстық мамандандырылған мектеп, 9 сынып оқушысы
kusainovaaiyimgul404@gmail.com

Ғылыми жетекшілер: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Кажобаева Гүльден Кенесовна,

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
guldenkgk@mail.ru

Абай атындағы дарынды балаларға арналған
№3 облыстық мамандандырылған мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Ахат Алтыншаш Досымбековна

Балалық тақырыбы – әлем әдебиетінің жетекші және негізгі тақырыптарының бірі. Балалық шақ әлемінің көрінісі, баланың ішкі әлемін талдау, бала бейнесін сомдау қашанда маңызды зерттеу болмақ. Себебі баланың бейнесі әрдайым әлемдік өнер мен әдебиетте кездеседі. Көптеген қазақ ақындары да лирикалық, прозалық, драматургиялық шығармаларында балалық шақ тақырыбына кең бет бұрды. Бұл тақырып поэзияда Абайдың «Балалық өлді, білдің бе?», М.Жұмабаевтың «Балалық шақ», Сәбит Дөнентаевтің «Балалық», Кенен Әзірбаевтың «Жамбылдың бала кезі», Жұмағали Саиннің «Ойласам бала кезімді», Қасым Аманжоловтың «Балалық шақ туралы», Өтебай Тұрманжановтың «Кел, балалар, күлейік», Мұзафар Әлімбаевтың «Балдәурен, шіркін, балалық», Мұқағали Мақатаевтың «Бақыт деген», Төлеген Айбергеновтің «Өсіп келе жатырмын», Жүмекен Нәжімеденовтің «Ойындар», Фариза Оңғарсынованың «Балалық шақпен қоштасу циклынан», Кеңшілік Мырзабековтің «Балалық шақпен жолығу», «Бұлдырап қалған балалық шақтың елесі», Еркеш Ибраһимнің «Қол шана», Баянғали Әлімжановтың «Тонға оранған балалық», «Бал балалық шағым», Маралтай Райымбекұлының «Жез қоңырау» т.б. өлеңдерінде көрініс тауып, балалық тақырыбының өміршеңдік мәні қазіргі жастар поэзиясында да жалғастық тауып келеді.

Абайдың «Балалық өлді, білдің бе?» өлеңінде адам өмірінің кезеңдері жайында ой лирикалық қаһарман атынан жеткізілген. Ұлы Абай өткінші өмірде сен не көрдің, балалық кезің, жігіттік шағың не берді, кәрілік кезеңінде тұрып өмірдің мәні туралы ойладың ба, өмірдің шын мәні неде екеніне көз жібердің бе? деген сауалдар қоя отырып, сұрақтарға ой толғауды әркімнің өз таным-түсінігіне қалдырады. Абайдың өлеңі философиялық ойға құрылған. Абай балалықтың өткінші ескендігін еске салса, М.Жұмабаев «Балалық шақ» өлеңінде «Балалық шағы – // Патшаның тағы – // Тіл жетпес оны бағалап» деп суреттей келе, адам өмірінің ең қызықты, тәтті, алаңсыз кезеңін патша тағына балап, оның да өткінші кезең екендігін, балалықтан кейінгі жастық шақта білім үйрен, надандықтан жирен, «Білімдінің сөзі ем –, // Мейірімі көп, өзі – кең» деп ой түйеді. Сәбит Дөнентаев «Балалық» өлеңінде «Жығылғанын жұрттан көрген балалық!», «Алдағанның бірін ұқпай айла деп, Қолдағысын

бәрін берген балалық» деп балалықтың бейнесін ой дәлдігімен нақты суреттей отырып, балалық шақтың аңғалдығы туралы ойды көркемдейді. Және балалық балаға тән, балалық шақтағы аңғалдық, еркелік жарасымды, үйлесімді деген ойды жеткізеді. Ал заман өзгеріп, ел өсіп, жетіліп жатқанда «біздің елден балалық қашан кетеді?» деген автордың негізгі ойы өлең шешімінде көрінеді. Кенен Әзірбаевтің «Жамбылдың бала кезі» өлеңінде жыр алыбы Жамбылдың елгезек, ақылды тентек, ерке, өнерге құштар, қайсар балалық шақтағы бейнесі ашылған. Жұмағали Саин «Ойласам бала кезімді» өлеңінде өз ауылын, өзінің туған үйін, ата-анасы бар кездегі балалық шағындағы әдемі тіршілігі мен ата-анасыз бақытсыз балалық шағын карама-қарсы қойып суреттеп еске алады. Өлеңде лирикалық кейіпкердің балалық шағында жердің топырағын шаңдатып жүгіргені, Қопаның жағасындағы балалық әрекеттері сипатталған, содан кейін ата-анасыз бақытсыз балалық шағында қуанышты, жылулықты жазғы даладан іздегені «Жалғыз-ақ жазғы даладан // Қуаныш таптым, сыр таптым», «Жидек деп кездім жыңғылды, // Ұмыттым қайғы, зарымды» деп кестелейді, туған жер табиғатынан қуат алған бала бейнесі көрінеді. Қасым Аманжоловтың «Балалық шақ туралы» өлеңінде лирикалық кейіпкердің қанша ауыртпалықты, жетімдіктің қиындығын көрсе де, «Түседі еске жалаңаяқ күндерім, // Ақсүйекті ала қашқан түндерім, // Сол қашқаннан мол қашыпты балалық, // Қайда екенін көптен бері-ақ білмедім. // Қуар едім осы күні етікшең, // Бірақ маған жалаң аяқ жеткізсең» деп өткен балалық шағын аңсауы, сағынышы, толғаныс, тебіренісі өрілген. Ақын қандай қиындықта балалық өтсе де, адам өмірінің бұл кезеңі ыстық, қызық, тәтті шақ екендігін жеткізген. «Сонау қарттың жөтелгенін есітіп, // Есік жаққа қайта-қайта қараймын» деген жыр жолдары балалықты сағынған кейіпкер бейнесі көрінеді. Өтебай Тұрманжановтың «Кел, балалар, күлейік», Мұзафар Әлімбаевтың «Балдәурен, шіркін, балалық» өлеңдерінде бақытты балалық шақ бейнесі өрнегін тапқан. Өтебай Тұрманжанов «Кел, балалар, күлейік» өлеңінде балалық нышаның бірі – алаңсыз, әсем күлкіні «Күлкі көңіл ашады. // Күліп өмір сүрейік. // Күлкімізді күн қылып, // Гүл өссін деп тілейік» деп кестелейді. Өлең шешімі балалардың гүлдей жайнап өсу жайындағы философиялық оймен түйінделеді. Мұқағали Мақатаевтың «Бақыт деген» өлеңінде адам өмірі қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғымды балалық шақ бейнесімен «Бақыт деген - сенің бала күндерің, // Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің» деп жұптап суреттейді. Төлеген Айбергеновтің «Өсіп келе жатырмын» өлеңі жылулық пен бақытқа толы. Өлеңде өрлікті жалау етіп, ерлікті ескек етіп, туған елмен өсіп келе жатқан жеткіншектің, өрненің бейнесі көрінеді. «Өсіп келе жатырмын», «кесіп келе жатырмын», «өсіп келе жатырмын» деп өсу, жетілу сатыларының әсем үйлесімін жасайды. Жүмекен Нәжімеденов «Ойындар» өлеңінде балалық шақтағы ойын түрлерін әдемі кестелей отырып, өлеңнің негізгі түйінінде балалық тақырыбы арқылы үлкендерге ой салады. «Балалардың ойынымен қолдағы, // Үлкендер де ойнамаса болғаны!» деп өлеңге философиялық жүк артады. Фариза Оңғарсынованың «Балалық шақпен қоштасу циклынан» өлеңінде сағымдай өте шыққан балалықты сағыну, балалық арман бейнеленген. Ақын балалық шаққа тән арман бейнесін жасайды.

Есік алды. Бала қыздар шуылдап
 өткеншектің қасында
 итер дейді, өктемсиді жас ұлға,
 мен де солай тербелуші ем жасымда.
 Өткеншекті – ақ құсын
 жерден жырақ ұшыруға талпынып,
 бәрі-бәрі жабылады алқынып,
 сонау, сонау көк жүзінде биікте –
 өткеншегім ұшса дейді шарқ ұрып [1].

Кеңшілік Мырзабековтің «Балалық шақпен жолығу» оқиғалы өлеңінде лирикалық қаһарманның түсі арқылы балалықты сағыну, туған жерін аңсау сезімі өрілген. Өлеңде лирикалық қаһарманның балалық шағы өткен жерге деген махаббаты, иесіз қалған туған жеріне деген аяушылық сезімі өріледі.

Соғыс және соғыстан кейінгі жылдардағы балалық шақтың ауыртпалығын, балалар атқарған тылдағы ауыр еңбекті ақындар поэзияда көп жырлады.

Қадыр Мырзалиев:
Бармақтай боп сол күнде,
Жатпаушы едік дем алып.
Әр маяның түбінде,
Қалды біздің балалық, [2]– деп мұңайып еске алса,
Мұқағали Мақатаев:
Жанап өтті балалық, бала болып өспедім,
Шаруаның ғұмыры кенедей кешкенім.
Менен сұра
Бидайдың егілгенін, өскенін,
Менен сұра

Еңбектің қысқа таңын, кештерін, [3]– деп нақты суреттермен жырлайды.

Балалық тақырыбын әр ақын өзінше жырлап, өзінше өрнектеді. Еркеш Ибраһим «Қолшана» өлеңінде балалықтың қайғысыз-қамсыз, базарлы шағымен қоштасып, туған жерден жырақтап білім қуып аттанған бала көңілі, арманы, балдан тәтті балалықтың артта мәңгілікке қалғандығы сағынышпен суреттелген. «Қолшана» өлеңіндегі шана – тәтті балалықтың, сағыныштың нышаны тәрізді. Автор балалық шақ, жігіттік шақ мәнін сырғанақ тепкен шанасын еске алу тәрізді көркемдік детальмен үйлесімді аша білген.

Содан бері мен сырғанақ тепмедім, // Шанамды да іле қуып жетмедім. //Балдан тәтті балалықтың базары //Білмей қаппын сол шанада кеткенін. //Дос едің-ау қырат жер мен сай-сала, //Мен сырғанақ тепегелі қаншама. //Жалтақтаймын жігіттіктің өрінде –// Тағы тастап кетердей бір қол шана .

Баянғали Әлімжановтың «Тонға оранған балалық» өлеңінде отбасы жылуы, құндылығы, әке қадірі, балалығы өткен ауылын сағынуы шынайы, әрі сурет дәлдігімен өрнектелген. Өлеңде ұлттық сипат, айшық мол. Отбасылық қарым-қатынастағы татулықты, әке-бала арасындағы жылулықты үйлесімді суреттейді. Автор балғын балалық шақтағы бақытты балалар бейнесін жасайды. Әке тоны – бақытты балалықтың символы ретінде алынған, әрі әке тоны – ұлттық нақыш.

Сары аязда
Сабан иісі бұрқыраған әкеміз,
Сырттан кірсе шұрқырасып,
Біз таласа жетеміз,
Қарағайдай қара тонын
Шешкен бойда шуылдап
Көкпардай ғып
Төрге тартып кетеміз.
Таласамыз,
Тулаймыз кеп кіл қара,
Екі жеңге тығыламыз ұрлана,
Қара шалдар мол еді ғой кеңқолтық,
Бір жеңіне сиып кеткен бір бала [4].

Ал «Бал балалық шағым» өлеңінде автор балалық шағын еске ала отырып, туған жерге деген сағынышпен астарласа суреттейді. Әдемілік, әсемдікке толы өлең.

Өмір қандай ағын, //Ғайып болған сағым, //Сағындым ғой сені, //Бал балалық шағым! //Бұрқыраған саумал, //Аңқылдаған самал, //Алтын ұям ауыл, //Сағындым ғой сені!-деп толғаныспен жырлайды.

Балалық шақ – бейқам уақыт, қандай қиындық, кедергілер мен ауыртпалықтар бар болса да, көңілді және қуанышты уақыт. Барлық өлеңдерде лирикалық кейіпкерлер балалықты бірде жылулықпен, сағынышпен, бірде балалық шақтағы қиындықтарды мұңмен еске алады.

Әр өлең астарында балалық шақтың қайтарылмайтындығы туралы үйлесімді, көркем ой жатыр.

Балалар тақырыбы қашан да өзекті, өміршең. Мәдениет және спорт министрлігі 2021 жылды «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» деп атаса, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Біз бүгінгі мақаламызды осы Балалар жылының құрметіне арнап жасадық.

Пайдаланылған әдебиеттер

5. Фариза Оңғарсынова. Балалық шақпен қоштасу циклынан. <https://bilim-all.kz/olen/28096-Balalyq-shaqpen-qoshtasu-tsiklynan>
6. Мырзалиев Қ. Көкейкесті. – Алматы: Атамұра, 2003. -280 б.
7. Мақатаев М. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1982. -318 б.
8. Баянғали Әлімжанов. Тонға оранған балалық. <https://bilim-all.kz/olen/16850-Tonga-orangan-balalyq>

«МЕКТЕП ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТ: ҒЫЛЫМИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚЫРЛАРЫ»

Сайлауова Сабина Бахытжановна
Көкшетау қаласы, техникалық лицей, 9 сынып оқушысы
e-mail: sabina.s.2007@icloud.com

Искакова Майра Исполловна
Көкшетау қаласы, техникалық лицейінің қазақ тілі мұғалімі
e-mail: mairra.i@mail.ru

Қазақстан Республикасының әлемдік білім кеңістігіне өтуіне байланысты білімдендіру дәрежесінің жаңа сапалы деңгейге көтеру қажеттігі соңғы жылдардағы білім беруді дамытуға арналған мемлекет тарапынан қабылданған “Білім туралы заңында”, “Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыру”, “Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру”, “Білім мазмұнын гуманитарландыру” тұжырымдамаларында және тағы басқа ресми құжаттарында ашып көрсетілген. Қазіргі замандағы ғылым мен техниканың даму жағдайындағы ғылымның әр саласында білім мазмұны мен көлемінің қауырт өсуіне байланысты жоғары оқу орындары мен мектеп арасындағы сабақтастық оқушылардың танымдық қызығушылығының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сондықтан да заман талабына сай маман дайындау жоғары сыныптарда басталып, студенттік кезеңмен ұштасып отырады. Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі – жастар өз білімінің тереңдігімен, кәсіби білгірлігімен бағаланады. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ- ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстар істеуге қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани бай жоғары мәдениетті азамат дайындау. Қазіргі таңда оқушылардың басым көпшілігі кәсіп таңдау кезінде өз қалауынан гөрі ата-аналарының ақыл-кеңесіне көбірек сүйенетін, немесе талапкерлердің мамандықтарды таңдаудағы білімсіздігі, олардың өзінің көңілі қаламаған мамандықты таңдауына жол береді. Осы себептер олардың оқуды тастап кетулеріне, болашақта мамандықтары бойынша жұмыс істемеулеріне негіз болады. Сондай-ақ, оқушыларды кәсіптік бағдарлау жұмыстарының мектеп қабырғасында соңғы сыныптарда ғана қолға алынатынын ескерсек, танымдық қызығушылықты қалыптастыру жүйелі түрде мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы үйлесімділік негізінде ұдайы іске асыруды талап етеді. Біз, жоғары сынып оқушылары болашақ кәсіби, өзінің алдағы атқаратын ісі туралы көп ойланамыз. Осы тұста өмір жолын таңдауына игі әсер ететін факторлардың бірі - танымдық

қызығушылық. Оқушы тұлғасында танымдық қызығушылықтың қалыптасып дамуына ұзақ уақыт мерзімі қажет. Сол себептен оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда мектеп пен университет арасында сабақтастықтың мәні зор. Өйткені оқушы бойындағы оқуға, білімге деген қызығушылығы әрі қарай дамып болашақ мамандығына деген қызығушылығына ұштасу үшін мектеп қабырғасында атқарылған жұмыстар жоғары оқу орнында әрі қарай жаңа деңгейде жалғасын табуы керек. Оның ішінде баса назар аударатын мәселе мектеп оқушылары мен университет студенттерінің танымдық қызығушылықтарын сабақтан тыс жұмыстар арқылы қалыптастыру.

Адамда сан алуан қызығушылықтардың болуы мүмкін. Бірақ бұлардың ішіндегі ең негізгі қызығушылығы болады. Мұндай қызығушылықтар әсіресе оқу әрекетіне аса қажет. Оқуға қызығушының әсерлі, күшті, тұрақты, мазмұнды болуы оқушының сабақты үлгеруіне ықпал етеді де, терең білім алуына көп жәрдем тигізеді. Қызығушылықтар оқушылардың оқу түрткілерінің дамуына байланысты қалыптасып отырады. Оқушыларда қызығушылықтың нақты көрінбеуі олардың өмірін мазмұнсыз етеді. Мұндайда олар енжар болып, зерігіп береке кетеді. Қызығушылықтың мазмұнды, әрі кең өрісті болуы, оның басты ерекшеліктерінің болуына байланысты. Қызығушылығы тұрақты қасиетке айналған адам ғана іс-әрекеттен жақсы нәтиже шығара алады және ісі берекелі, табысты болады.

Адамның қызығушылығы әртүрлі істерді орындауға ұмтылудан туады. Ал, түрткі сол істерге итермелейтін күш, яғни, адамның белгілі қажеттіліктерді қанағаттандырудағы іс-әрекетіне байланысты психологиялық көңіл-күйі. Қажеттілік адамның белсенді әрекетін тудыратын қозғаушы күш болса, білімге, оқуға мәжбүрлейтін оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыруда түрткілердің маңызы зор.

Қазіргі заманға сай еңбек адамына қажет, жеке адамның қасиеттерін қалыптастырады. Бұл қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы байланыстың болуы, бірден-бір маңызды жағдай.

Еңбекке белсенді көзқарас жеке адамның көзқарасынан, сенімінен, мінез-құлқының адамгершілік сипатынан, мотивациясынан және іс-әрекеттің туындау себептерінен көрінеді. Адам бойындағы қажет, түрткі, ниет, тілек, ынта, ықылас т.б қасиеттер танымдық қызығушылық адамды білімге, кәсіпке, іскерлікке, іс-әрекеттілікке т.б бағыттайды. Танымдық қызығушылықтың туындауының себептеріне танымдық үрдістер жатады. Ал, танымдық қызығушылықтың негізгі компоненттеріне :

- мотивациялық құндылықтары;
- мазмұндық;
- технологиялық;

-шығармашылық іс-әрекеттер жатады. Бұл аталған компоненттердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игері, нәтиже туындайды. Бұл аталған компоненттердің қайсысы болса да мектепте басталып, жоғары оқу орнында жалғасып отыратыны белгілі.

Білім- жалпы, кәсіби, арнайы болып бөлінеді. Мектепте алған жалпы білімі, университетте кәсіби, арнайы, білімге ұштасады. Кәсіп-мамандық таңдаумен мамандықты меңгеруден тұрады да, жалпы білім беретін орта мектептерде басталып университетте, институтта, кәсіби техникалық колледждермен гимназияларда беріледі.

Сондықтан оқушылардың танымдық қызығушылығын ерте бастап қалыптастырып, білім алу жүйесінің барлық сатыларында дамытудың ерекше мәні бар.

Өз бақылауымның нәтижесінде

- еңбек нарығының сұранысына сай түрлі әдебиет, еңбектерді зерделеп, оқушылардың қажеттіліктері мен танымдық қызығушылықтарына сай тәрбие жұмыстарының оларды дамытудағы мүмкіндіктерін анықтадық;

-бақылау барысында оқушылардың бос уақытын қалай өткізетіндіктеріне мән бермейтіндігін, университет көлемінде бірінші курс студенттерімен танымдық қызығушылықтарды дамытуға бағытталған тәрбиелік жұмыстардың аз жүргізілетініне көз жеткіздік;

-сабақтан және аудиториядан тыс жұмыстардың түрлері, ұйымдастыру әдістері мен тәсілдері оқушылардың таным әрекетіне қажеттілігін тудыратынына көз жеткіздік.

Қалыптасқан танымдық қызығушылық оқушылардың оқып үйрену іздемпаздығының қозғаушы күші болып табылады деген қорытындыға келдік.

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ– БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМ АЛУЫНДАҒЫ, ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ, БОС УАҚЫТЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЗЕРТХАНА

Бурабай ауданы
Абылайхан атындағы орта мектептің
кітапханашысы
Молдахметова Асия Молдашқызы
nurbakhyt_1987.nayka@mail.ru

Бурабай ауданы
Абылайхан атындағы орта мектептің 5 сынып оқушысы
Маулибергенов Ерген Маратович

Ел Президентінің «XXI ғасырда білімсіз мүмкін емес. Халықты салауатты да сауатты бағыттауымыз керек» деген сөздері бүгінгі ұрпақ, ертеңгі ел азаматтарына білім мен тәрбие берер жандарға міндеттелген тапсырма тәрізді. Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани қазына ордасы – мектеп кітапханасының алар орны зор. Оқу процесін қажетті құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті орын — оқу кітапханасы. Мектеп кітапханалары педагогтерге қызмет көрсете отырып, сонымен қатар сыныпқа арналған және сыныптан тыс қызмет көрсететін көпшілік кітапхана болып табылады.

Бүгінгі таңда мектеп кітапханасы өз заманының даму деңгейінде болып, мектептің өркендеуімен қалыптасуы, оның балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беру мен оқытуда үлкен көмек беруі керек. Жасөспірімдермен жұмыс жасай отырып, кітапханаға деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру оларға кітаптар мен жұмыс жасай білуге үйрету — кітапхана қызметінің негізгі міндеттерінің бірі[1].

Қазіргі таңда кітапхана қызметкерлері кітапханада және кітапханадан тыс көркем әдебиеттен бастап, баспа түріндегі немесе электрондық ақпараттар түрлеріндегі әртүрлі кітаптарды және ақпараттар көздерін пайдалануға көмектеседі. Себебі бүгінде білімнің қайнар көзі кітапханада.

Қазіргі ақпараттандыру технологиясы дамыған заманды мемлекетіміздің болашағы — жас ұрпаққа заман талабына сай білім беруде оқытудың озық технологияларын меңгеру қажеттілігі туып отыр. Білім саласын ақпараттандыруға байланысты «ҚР Конституциясының 44- бабына сәйкес және ҚР-сының ортақ білім беру жүйесін дамыту мақсатында», — деп көрсетіліп, 1997 жылғы 22 қыркүйекте ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «ҚР президентінің Қазақстан Республикасы орталық білім беру жүйесін ақпараттандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы туралы» № 3645 бұйрығы бекітілді. Сондай-ақ мекемелер жүйе арқылы «Интернет мектепке» бағдарламасына сәйкес компьютерлендірумен бірге мектепті сатылап интернет жүйесіне қосылу процесі жүзеге асырылып келеді.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларда жаңа компьютерлік ақпараттандыру технологиясына алмастыру. Кітапхананы электрондық медиатекаға айландыру деп көрсетеді. Виртуалды әлемнің кеңістігіне қоғамымыз жыл өткен сайын кеңірек еніп келеді. Бұл процесс кітапхананы да айналып өтпеуде. Міне осы жерде бізге Интернет көмекке келеді, ол

жұмысымыздың дәстүрлі әдістеріне біздің көзқарасымызды өзгертеді. Белгілі мәтелді өзгертіп, басқаша былай айтуға болады: «Егер бүгін кітапханаға оқырман кітап алуға келмейтін болса – онда кітап өзі оған келеді». Электронды кітапхана арқылы кітап оқу іске асыруға болады деген сөз. Электронды кітапхана дегеніміз – ҚР Ұлттық кітапханасының «Қазіргі заманғы қазақ әдебиеті» деген жобасы бойынша он-лайн режимінде қазақ әдебиетінің шығармалар қорымен оқырмандарды таныстырады. Онлайн арқылы кітап оқуды насихаттау болып табылады[2].

Сонымен қатар мектеп кітапханаларында жаңа ақпараттық технология ендіру мақсатында барлық кітапханашы мамандармен кітапхана ісінің негізгі бағыттарына арналған семинарлар, курстар, яғни әртүрлі тақырыптарда тәжірибелік сабақтар ұйымдастырылып Бұрабай ауданы бойынша тәжірибелер алмасып отырамыз. Кітаптың әлемдік өркениетке үлесі шексіз. Қазіргі кезде интернет, теледидар, радио, басқа да ақпарат құралдары кітаптарды ығыстырып бара жатқандай әсер қалдырды. Алайда кітапты ешқандай жаңа технология ығыстыра алмайды. Өйткені адамның жан-дүниесін, армандары мен сезімдері мен психологиясын кітаптай ешнәрсе жеткізбейтіні анық.

Сондықтан да кітап әрдайым басты рухани байлығымыз зор болып қала бермек. Қазіргі кітапханалар – ақпараттық, мәдени — ағартушылық, ғылыми-зерттеушілік мекеме. Кітапханашы тек қазіргі заман талабына сай технологияны біліп қана қоймай сонымен бірге оны сауатты түрде қолданады. Кітапханашылар мен педагогтар алдында тұрған міндет – ХХІ ғасыр азаматтарына алуан түрлі ақпараттар ағымында жөн сілтеп, пайдалыларын өз игіліктеріне жұмсауға үйрету. Ақпараттық қоғам тіршілігіне әзірлеу. Қоғам өз кітапханашыларының мәнін әлі түсінбейді. Көпшілігі кітапхананы тек кітап сақтайтын, кітап беретін орын есебінде қарайды. Көпшілігі интернет қызметіне үйренген, олар электронды тасығыштарды, соның ішінде компакт-дискілерді, сақтау және ақпараттық жеткізу құралдарын қолдана біледі және кітапханаға білім мен жаңа технология үндескен қазіргі заман талабына сай мәдени орталық ретінде қарайды. Бұдан жарты ғасыр бұрын дүниежүзі кітапхананы тыныш жайлы, кітап сөрелері мен каталог жәшіктері орналасқан және оқырмандар залында кітапқа үңілген оқырмандарға толы ғимарат есебінде көрсетті. Мұндай суретті қазір де байқауға болады[3]. Бірақ қазір кітапханалар монитор алдында отырған компьютерлі оқырмандар залы пайда болды. Компьютер көмегімен олар электронды кітапханаларға шыға алады, электронды кітаптар оқиды, электронды беттерді парактайды. Интернеттің кез-келген тұтынушысы кездестіретін проблемалардың бірі – ақпаратқа қол жеткізу проблемасы. Ол, біріншіден, ақпарат көлемінің өте толықтығынан көрініс табады.

ХХІ ғасырда адам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру, компьютерлік желі, электронды және телекоммуникация, электронды оқулықтарды даярлау. Бұлар оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасын көтеруге әсер етеді. Жаңа электронды оқулықтардың дүниеге келуімен берілетін білім мазмұны да өзгеретіні сөзсіз. Болашақта әр оқушы компьютерлік технология арқылы интернет дүние жүзілік білім әлеміне еніп, одан өзінің қажетін білімді толығымен алуға қажетті ақпараттық мәліметтерді ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді осы мәселенің шетелдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туады.

Бүгінгі заманауи тұлға тек қана оқу, жазу, сызу, сөйлеумен қатар, тек ақпарат алуға мүмкіндік беретін қызмет сауаттылықпен қана шектелмей ақпаратты өзі үшін бағалауға және оны өз мүддесіне пайдалану дағдысына қол жеткізуге, яғни әлеуметтенуге ұмтылуға қажет және бұл заңды құбылыс. Осы салада оқушылар негізгі пәндер бойынша берілген тапсырмаларды орындауда қосымша мәліметтер алуда мектеп кітапханасы көмекке келеді. Мектептің 5-11 сынып оқушылары ғылыми жобалар жазуға, олимпиадаларға дайындалуда, реферат, слайд, шығарма жазуда, жарыстарға қатысуда кітапхананың кітап қорын және интернетті үнемі қолданады. Осындай өз беттерімен қосымша ізденіс жұмыстары сауаттылығын дамытады[4].

Білім сапасының жаңа жетістіктерін қол жеткізетін маңызды ақпараттық ресурстар орталығы ретінде мектеп кітапханасының кітапханалық кеңістікте алатын орны

ерекше. Мектеп кітапханасы біріншіден, оқу үрдісін қажетті ақпараттармен және құжаттармен қамтамасыз ететін болса, екіншіден, ол арнаулы кітапхана, үшіншіден сол мектептің бүкіл педагогикалық жұмысын, мектеп оқушыларын мектеп бағдарламасына қосымша және бағдарламадан тыс ақпараттармен қамтамасыз ете отырып, көпшілік кітапхана қызметіне де жақындайды. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, белсенділігін, қызығушылығын арттыруда қолданылатын әдіс — тәсілдер: Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау

1. Арнаулы бір тақырыпта пікір талас тудыру
2. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу. / Сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар/
3. Берілген тапсырманы түсіндіру бағытындағы жұмыс/ Мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру т.б/
4. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу
5. Қиялдау арқылы сурет салғызу ролге бөліп оқыту
6. Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру
7. Ой шапшандығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру.

Кітапханада ұйымдастырылған үйірме және клубтардағы жұмыстар еріктілік ұстанымына құрылады, балалардың өз әрекеттері мен ықылыстарын арттыру барысында 5 сыныптарға «Мектеп кітапханасына саяхат» атты кеш өткізілу барысында 5 сынып оқушысы Маулибергенов Ергеннің кітапқа деген қызығушылығы артып кітаптың қадір қасиетін түсінуіне жол ашылып, ерекше кітапханашыға ерекше хат жолдапты. Яғни 5 сынып оқушылары «Кітапханашы қоржынына» кітап жайлы өз пікірлерін хат арқылы жолдауынан осы мақала жарыққа шықты.

Кітап – рухани досымыз. Мен мектепке алғаш келген кезімде сынып жетекшіміз бізге «кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген мақалды жаттатқызып, күнде сабақ басталмай жатып осы мақалды қайталап отыратын. Уақыт өте бұл бізде әдетке айналды. Бұл мақалдың мағынасы өте тереңде екен. Білімді адамның өмірге деген көзқарасы мен ұстанымы өзгелерден бөлек өзгеше болады. Өмірде кезігетін кез келген мәселенің жауабын тек кітаптан таба аламыз. Ұлттың өткен тарихы мен өнері жазылған құнды кітаптар әркезде де бағасын жоймай, қадірлі болары анық.

Яғни Абылайхан атындағы жалпы білім беретін орта мектептің кітапханашысы Асия Молдашқызы кітаптың қадір мен қасиетін үнемі бізге түсіндіріп, кітапханада сонау бұрынғы заманнан сақталып келе жатқан жәдігер кітаптар мен қазіргі заманғы кітаптардың түр-түрі бар екендігін түсіндірді. Мен 5 сыныбыммен «Кітапханаға саяхат» атты кешке келгеніме кітапхананы көргеніме қатты қуандым. Кітапхананың аурасы өзгеше бөлек болады екен. Кітаптардың ерекше иісі адам жанына өзгеше әсер етіп, бойын балқытып, кітапқа деген қызығушылығын арттыра жөнеледі. Қазақ жазушылары мен әлем жазушыларының әдеби кітаптары, әр саланың өзіндік кітаптары, бұрынғы заманғы халық жыр-дастандары, балаларға арналған сан қилы ертегілердің жиынтығы сынды кітаптардың түр-түрімен таныстық. Әр кітап – өзінше бір жұмбақ. Іші толы білім мен сыр. Кітап оқу арқылы біздің ойлау жүйеміз өзгеріп, сөздік қорымыз артып, сөйлеу мәдениетіміз өсері рас. Кітаптар ордасынан алған әсерімді жеткізу әсте мүмкін емес. Бұл біз үшін кітаптар әлеміне жасаған алғашқы саяхатымыз еді. Кітапхананы көру арқылы бәріміздің кітапқа деген қызығушылығымыз артып, бүгіннен қалмай кітап оқуды қолға алдық. Мен өзім кітапханашы апайға қатты қызықтым. Мол қазынаның – кітаптардың ортасында отырады. Қалаған кітабың алып оқып, білімін күнделікті арттырып, қуанышты өмір сүреді.

Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек екендігін түсіндім. Кітап – адам өмірінде маңызды роль атқарады. Ол елді, жерді сүюге талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл — кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап біздің рухани жан азығымыз. Жас ұрпақтың санасында

туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт — дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде. Мектеп кітапханасы оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады[5].

Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан — дүниесі бай, білім мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу, жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, батырлық, отансүйгіштік, тағы басқа қасиеттер болу керек. Кітапханалар сол оқу орындарындағы білімге ұмтылатын жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың табылар жері. Осы заманғы ақпарат құралдары дамыған, жаңа технологиялар заманында да кітап адамның ішкі дүниесіне, ой-өрісіне ықпал жасап, мұқтажын қанағаттандыратын, рухани азығы болып қала бермек. Бүгінгі оқушы ертеңгі ел маманының еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін артуы, олардың бойында ұлттық намыс, отаншылдық, адамгершілік қасиеттерінің ұлғая түсуі жолында кітапхана қызметкері — халқымыздың қилы тарихын, өнегелі әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, мәдени мұраларын, әдебиет қазыналарын, тереңнен толғайтын сөз өнерін оқырмандарға кітап арқылы насихаттай білуі қажет болса, оны бізге Асия Молдашқызы жеткізе білді. Кітапқа деген көңілімізді, оятты. Енді мен достарыммен мектеп кітапханасына жиі барып отырамын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәденитетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б
2. Дүтбаева Н. Кітап неге оқылмайды: себеп пен салдар// Қазақ әдебиеті. - 2009. - 30 қаңтар. - 1-3б.
3. Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәденитетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б.
4. Дүтбаева Н. Кітап неге оқылмайды: себеп пен салдар// Қазақ әдебиеті. - 2009. - 30 қаңтар. - 1-3б.
5. Ер қаруы-бес қару.-Нұр-Сұлтан:Фолиант, 2020.-160 бет

АБАЙДЫҢ ҚАЗІРГІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ ҚАЛДЫРҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Молдахметова Нурбахыт Абаевна
E mail: nurbakhyt_1987.nayka@mail.ru

Ш. Уәлиханов атындағы Кокшетау университеті

Рыспаева Жансая Галиевна
ryspaevazhansaya@gmail.com

Көкшетау қаласының Сәкен Жүнісов атындағы № 18 мектеп - лицейі"

Аннотация. Мақалада Абай Құнанбаев өлеңдері мен карасөздеріне талдау жасалып, бала тәрбиесі мен отбасы құндылықтарына сипаттама берілген. Сонымен қатар жастарды тәрбиелеуде білім мен тәрбие беру ұғымдарының егіз екендігі баяндалған. Жасұрпақты білім ғылым арқылы тәрбиелеудің маңыздылығы жан-жақты баяндалған. **Түйін**

сөздер: Отбасы құндылықтары, тәрбие, тұжырымдама, ғибратты сөздер, тәлім- тәрбие, ұлттық тәрбие.

Аннотация. В статье анализируются стихи и стихи Абая Кунанбаева и описываются ценности воспитания детей и семьи. Также констатируется, что понятия образование и воспитание являются близнецами в воспитании молодежи. Подробно описывается важность воспитания подрастающего поколения через науку.

Ключевые слова: семейные ценности, воспитание, концепция, советы, воспитание, народное воспитание.

Annotation. The article analyzes the poems and verses of Abai Kunanbaev and describes the values of raising children and families. It is also stated that the concepts of education and upbringing are twins in the upbringing of young people. The importance of educating the younger generation through science is described in detail.

Key words: family values, education, concept, advice, education, public education.

Қазақстандық қоғамның бірлігі әртүрлі сатыдағы ұрпақтар үшін ортақ болып саналатын дәстүр мен рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы анықталады. Бүгінгі таңда жастар санасына ұлттық құндылықтарды сіңіруге, олардың құндылық бағдарларын дұрыс қалыптастыруда отбасының алатын орны ерекше екені анық. Себебі, отбасы адам баласының алтын дінгегі, оның ұрпаққа берер ықпалын, ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын ешнәрсе толтыра алмайды. Сондықтан да, халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген қарапайым қағидат қай дәуірде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» немесе «Отбасы – Қазақстан қоғамының алтын дінгегі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі» деген сөздері отбасылық құндылықтардың қоғам үшін маңыздылығын көрсетіп берді[1].

Қазақ халқының ұлы Абайы қай елді болсын өзінің даналығымен таң қалдырғаны баршамызға аян. Абай шығармашылығының жастарға, жалпы адам баласына ұсынғаны: адамгершілік, ар-намыс, ақ адал еңбек, ғылым, білім, қанағатшыл болу, рақымшыл болу, инабаттылық, әділеттілік, достықтың адалдығы, мейірімділік пен сүйіспеншілік т.б. қасиеттер қай дәуірде болсын көнермейтін, қай халықта болсын адами қасиеттерді қажеттілігіне ала алатын даналықтың ақыл-кеңестері, өз құндылығын жоймайтын асыл қазына.

Тәрбие қай салада болсын қажет. Мейлің басқарма бастығы бол, мейлің қойшы бол, қандай ортада қызмет жасаңыз, Абай ілімі, сіздің жол сілтеуші жарық жұлдызыңыз.

Қазір біздің қоғамымыз осы Абайдың педагогикалық ілімін әлемнің барлық мемлекеттеріне паш етуде. Еліміздің жастары барлық мемлекеттерде білім алып жүр. Туған жердің мәдениетін, қазақтың салтын, дәстүрін, дәстүрлердің ішінде наурыз мерекесін, ал Абайдың әнін, қара сөздерін әлемге танытуда жастардың үлесі зор деп айтар едім.

Абай шығармашылығын жылда жырлап, жиырма рет қайталап оқысаңыз да, әр оқыған шығармашылықтан өзіңіздің жан дүниенізге бір жаңа ойлар, арманға жетелейтін жақсы сөздері, өмір сүруге құлшыныс беретін мәнді, мағыналы ақыл-кеңестері психологиялық қолдау беріп отырады.

«Адам болам десеңіз.

Тілеуің, өмірің алдында,

Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз».- Бұл өлеңін оқығанда Адам болудың жолын көрсетеді, адам болу үшін «Тілеуің бар», «Келешегің алда», «Мойыма, сенің қолыңнан келеді» – деген сөзді жазбаса да, «Өмірің алдында» деген қолдау сөзді түсінесің. Мен айтар едім жастарға, өмір сүргің келсе, Абайды оқы», мінезінді түзегің келсе, Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін оқы. Ешқайдан, еш жерден ілім іздеп, білім іздеп, ақыл іздеудің қажеті жоқ. Адам баласының жанына жақын білімнің ордасы, ақылдың энциклопедиясы Абай шығармашылығында.

Абайдың тағы бір жастарға үлгі болатын қасиетінің бірі – қарапайымдылығында. Абай Құнанбайұлы орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен.

Анасы Ұлжан– Қаракесек руының шешендікпен, тапқырлық, әзіл-әжуамен аты шыққан шаншарлардың қызы. Осындай текті ортадан шыққан Абай жастайынан ерекше қабілетімен, ақылдылығымен, даналығымен шығармашылығын адам баласына арнаған.

Қазіргі тілмен айтқанда Абай байдың баласы болған. Құнанбайдың малы қыруар, байлығы жеткілікті, бірақ Абайды біліммен, ғылымға, адамгершілікке, даналыққа, ел басқаруға жетеледі. Жалпы Абай халықтың өмір шындығын, көрген, тоқығандарын шығармашылығына түсіріп, қазақ халқына, еліне із қалдырған. «Адам өлмес» деген өлеңінде

Адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп ойнап күлмес,

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын,

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған.

Бой алдырып аяғын көп шалдырған,

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған – деген ойларынан адам болып өмір сүру мен адам болып өмірден кетуді, істеген ісіңнің, жақсылығыңның мәңгілік өмір сүруін айтып түсіндіріп отыр.

Қазіргі байдың баласы мен Абай заманындағы байдың баласының айырмашылығына тоқталғым келеді. Абай заманындағы байдың баласы, әрине, барлығы Абайдай болды деп айтуға болмайды, елін сүйген, Отанын қастерлейтін, Елінің атын шығарған Ер азамат, әкенің баласы емес, адамның баласы, халықтың баласы болған. «Халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтеді» [2].

Ал бүгінгі жастар бай, барлығы бар, ешнәрседен кенде қалмаған, білім алғысы келсе, жағдай жасалған, өмір сүргісі келсе, оған да жағдай жасалған.

Қазіргі заман ақылдың, сананың, білімнің, ғылымның, шығармашылықтың заманы. Аспанға алақан жаю емес, алма піс аузыма түстің заманы емес, еңбектің, маңдай тердің, саналы білім алып, саналы шешім қабылдай алудың заманы, әлемді аузыңа қаратып, өз қабілетіңмен бәйгеге шабатын заман.

Бұл заманда жастар тек Абайдың шығармашылығын жаттап қана жүретін заман емес, күнделікті тіршілігімізде бір кірпіш болып қаланатын заман. Өз күшіне, өз біліміне сенетін заман. Абайды бізбен мәңгілік бір қылатын да осындай ұғымдар мен шынайы сенімдер. Қазіргі біздің жастарымыз өмір сүру жолдамасын осы Абайдың ақыл-дастандарынан оқып, өз өміріне жолдама алып өссе, еліміздің іргесі биік, босағасы берік болары анық.

Абайдың шығармасынан тек педагогикалық, психологиялық көз қарасты ғана көреміз деу мүмкін емес. Сонымен қатар экономикалық, эстетикалық, этикалық көз қарастарымен ерекшеленген дара тұлға. «Абай адамдардың бір бөлігі ұрлықты өзінің баю құралы етіп алғанын, ал екінші біреулердің өз қолменжасамаса да, соған қол ұшын беру, ұрланған, талан таразға салынған заттарды жасыру арқылы баю мақсаттарына жетіп отырғандықтарын айтып өткен. Бірлік малға бірлік емес, ақылға бірлік болу қажеттігін түсіндіріп кетті». «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керектігін түсіндіреді»[3].

Елдің экономикасын қалай дамытудың жолдарын көрсетіп берген. Халықтың білімді болуы, ғылымға ұмтылуын көздеген. «Кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан болсын» – деген пікірлер айтқан. Мінекей, ақынның бұл идеялары қазіргі заманда өмір сүріп отырған біздің халқымызға қажет болып отыр. Абай идеясы өмірі көнермейтін, мәңгілік идея болып қала береді[4].

Ал эстетикалық көзқарасына тоқталатын болсақ Абайдың әрбір өлеңінен, әрбір сөзінен эстетик мазмұн байқалады. Табиғатты суреттесін, қыз-келіншек пен жігіттерге мінездеме берсін, өлең мен әнді жыр етсін, ылғи да жоғары әсемдікпен сөз етеді.

Ал этикалық көзқарасына тоқталатын болсақ, Дүние – мәңгі құбылыс, жалған – өткінші құбылыс, Адам – дүниенің, мәңгіліктің туындысы, пенде – жалғанның күнделікті тіршіліктің туындысы.

Адамның өмірі ақиқат, адалдық, әділеттілік, әдемілік деген ұғымдармен ұштасып жатса, пенденің өмірі күнделікті өмірмен, күнкөрістің қамымен байланысып жатады. Пенденің бір белгісі – ол өзінің қиялында кішкентай, өз қиялында да шарықтай алмайды, тауық сияқты қораның шарбағынан алысқа ұша алмайды.

Қыранның қиялы – биік шыңда болса, қораздың қиялы – қи түбінде. Пенде әрқашан да бағынғыш, құптағыш, күндегіш, затшыл, өзімшіл келеді, мырзалардың алдында құрдай жорғалайды.

Адам керісінше өзін-өзі, айналасын сыйлайды, өзінің азаматтығын, адамгершілігін бағалай біледі, затқа бағынбайды, заттарды өзіне бағындырады. Пенделер заттың құлы болса, Адам деген ұғымды даналық санайды. Абайдың арман – тілегі – ақылды, жігерлі, білімді, адал, әділ адам [5].

Яғни, Абай этикасына сусап отырған қаншама пенделеріміз өмірде бар. Олардың көпшілігі ел басқарып отыр. Барлығына топырақ шашуға болмайды. Елдің қамын ойлағандай түр көрсетеді, бірақ ойлағаны өз құлқұндары. Ойлағаны заттар Абай тілімен айтсақ, Абай қай ғасырда өмір сүрді, біз қай ғасырда өмір сүріп жатырмыз?

Бірақ бүгінгі күні біздің қоғамымыз осы Абайдың педагогикасына, экономикасына, этикасы мен эстетикасына шөлдеп отырған жайымыз бар. Абайдың идеясы, ақыл-кеңесі, осы айтылған ойлар еш уақытта көнермейтіндігінің дәлелі.

Сонымен қатар Абайдың философиясын айтпай кету тағы да мүмкін емес. Оның көптеген өлеңдерінде терең философиялық ойлары, табиғатқа, болмысқа көзқарастары, таным, ақыл, сана жайлы толғаныстары бар.

Адамның өмірі мен қуаты да өзгеріссіз болмай тұрмайды. Абай әлемнің шексіздігін, қозғалыстың мәңгілігі мен қайталанбайтындығын, тыныштықтың салыстырмалы түсінік екенін айқын түсінеді.

Дүние – үлкен көл,

Заман – соққан жел,

Алдындағы толқындар – ағалар,

Артқы толқын – інілер,

Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер.... Абай адам сенімін арттыратын нәрсе – білім, қажырлы еңбек, табиғат құпиясын ашу деп біледі.

Жоғарыда біз Абайдың педагогикалық, психологиялық, эстетикалық, этикалық көзқарастары туралы айтып өттік, себебі оқырман осы идеяларын алдымен танысып алғаны дұрыс. Енді біздің айтқымыз келгені қазіргі біздің қоғамымыздың дамуына, жастарымыздың өсіп-өнуіне, алдымызға келген курс тыңдаушыларының, яғни педагог қауымның осы Абай ілімдерін қайта қарап өз жұмыстарына тиімді қолданып жұмыс жасаса, жастарға бағыт-бағдар беретін жолдың тиімділігін көрсету, үлгі ету.

Өткен жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерей тойы аталып Абай атамyzды ел болып, жұрт болып еске алдық. Абай атамyzдың әр бiр шығармаларына талдаулар жасалып, халықаралық деңгейде конференциялар ұйымдастырылды. Тұңғыш елбасы Н.Ә. Назарбаев «Абай туралы сөз» кітабында былай дейді: «Абайдай азаматымыздың барлығына шүкірлік етеміз. Сондай еліміздің атын аспандата қазақ еліне емес, күллі әлемге әлемге танытқан Абай атамyzға бүгінгі күні ұрпағы басын иеді. Ақыл табылмай тұрып, ештеңе табылмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесі түгілі өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл. Онсыз қоғам дамудың даңғыл жолына түсе алмай, үйреншікті үрдістің солған соқпағынан шыға алмай, заманалар шырғалаңында басы айналып, дағдарыс хал кешеді» – деген ойлары ел азаматтарын ойландыратыны сөзсіз[6].

Абай шығармашылығы болмаса, Абай ілімі болмаса, қазақ әдебиеті әлемге әйгілі болар ма еді? – деген сұрақтар ойландырады. Абай шығармашылығы барлық адамдарға мектеп бола алады. «Абай мектебі» – деген сөз әлемдік деңгейде талғампаз қауымның сусынын қандыра алатын рухани нәр болып табылады [7]. Халықтың өсіп-өркендеуі, ақыл-ойы мен санасының, әдебиеті мен мәдениетінің, өнері мен білімінің, бүкіл рухани жан дүниесінің дамуы, жалпы

адамзаттық өркениетке ұмтылысы сол халықтың өміріне, ұлт ретінде адами болмысы мен рухына іргелі бетбұрыс жасаушы ұлы дарындардың тарихи еңбегімен, қайталанбас қайраткерлік тұлғасымен тығыз байланысты болады.

Абай халықты бақытты болашаққа бастар жолды іздеді. Жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, арсыздық пен ұятсыздықты, дөрекі надандықты тәрбие және білім беру арқылы жоюға үндеді. Ақын ол үшін қазақ балаларын оқытатын мектептерді көптеп салуды жақтады. Атап айтқанда, ол өзінің бір сөзінде: «Балаларды ата-аналарынан алып, мектепке беру керек, олардың біразын мамандықтың бір түрін, біразын басқа мамандықтарды игеруге бағыттау керек», – деп атап өтті [8].

Абай шығармашылығын оқи отырып қаншама ойлар келеді. Біз ойлаймыз, Абай өз заманында осы педагогиканы, психологияны, философияны қалай меңгеріп алған, қазіргідей технологиялар жоқ, ақпарат жоқ, бұл ілімді қалай меңгерді? Абайдың дана болуына не көмектесті? Ол уақыттың қазіргідей мүмкіндігі болған жоқ. Біздердің Абайдай ғұлама болмасақ та, ғалым боламын деу қиын деп ойлаймыз. Біздердің ғалым болуымызға бұл заманда не кедергі болып тұр? Себебі Абай бойындағы күш-жігердің, сенімнің болмауы ма? Осындай сенімсіз ойларға ақынның «Болмасаңда ұқсап бақ»– деген жауабы бар.

Өзің білмесең білгеннің артынан жүру – ол да адамгершілік, адам болуға ұмтылу, адамдық жолды іздеу [9]. Сол кездегі қиын заманның өзінде Абай атамыз білім алып, жарыққа ұмтылып, сол игілігін халқына беруге талпынған.

Біздің бүгінгі таңда бар мүмкіндіктеріміз жасалған. «Сол мүмкіндіктерді пайдаланып, неге биік мақсаттарға ұмтылмасақ?» – деген сауал еріксіз санаға ұялайды. Абай атамыз ақылды жүрекке бағындыр деп бекерге айтпаған деп ойлаймын. «Адамзаттың барын сүй бауырым деп» – деген сөзінің өзі алған білімімізді ізгілікке бағыттау қажет екенін айтып тұр.

Біздерге, болашақ ұрпаққа берері мол қазына біздің қазақ елінде бар болғандығына шүкіршілік етеміз. Өз көкейінде жүрген қаншама сауалға осы айтылған шығармаларынан жауап табасың. Қай салада болсын. Мен қазіргі жастардың бойынан осы Абайдың адамгершілігін көргім келеді. Қоғамның бірлігі болу үшін қарапайым болуды ұсынады. Халықтың қамын ойла, өз құлқыныңды ойлама, адамның достығын, еңбекқорлығын бағалауды өсиет етеді. Мақал бар емес пе «Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін» заманынан арылуды өз заманында көріп сынға алған. Ел басқара алмайтын, халықтың жағдайын жасай алмайтын бай баласынан жарлы болса да адамгершілігі бар қарапайым халықтың ел басқарғанын қалады. Ел басқарудың өз тәртібі, саясаты болатынын түсіндірген.

Айта бергім келеді, айта бергім, бірақ әр нәрсенің өзінің шегі бар, Абай даналығынан алатын ақыл-кеңестің таусылмайтыны анық. Қанша уақыт жырласақ та жарасып жатыр. Ақын біздің өміріміз. Біз үшін қалдырған мәңгілік көнермейтін ақылдың кітабы біздің қолымызды, біздің елімізде. Данасы бар, қариясы бар, анасы бар адамдар қартаймайды, тозбайды, жойылмайды. Абайдың ақылымен сусындаған халықтың болашағы мәңгілік болары хақ. Ендігі арман барлық қазақ елінің халқы осы кеңестермен өз елінің мәртебесін бірлікте, сүйспеншілікте, елін, туған жерін, туған тілін әлемге асқақтататын келешек ұрпағымыз, қазақ елі мәңгілік жасай берсін!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамдық идеяның бірлігінде / Алматы ақшамы газет, 1998, –36.
- Абай «Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер» Алматы «Жібек жолы», 2005,–466 бет.
- Мұхтар Әуезов «Мақалалар, зерттеулер, аудармалар» 30–том, Алматы. «Жібек жолы», 2007,– 126 бет.
- Жарықбаев Қ.Б. Қазақ ағартушылары жастар тәрбиесі жөнінде. – Алматы: «Білім», 1985.

- Кенжеғалиев Қ.К, Нәби Л. Абай педагогикасы. /оқу құралы/ Көкшетау., 2003, –75 б.
- Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, www.egemen.kz
- Өміралиев Қ. Абай афоризімі. – Алматы: «Кітап», 1993.
- Қалиев С. XV–XIX ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ойлар. – Алматы: «Рауан», 2005.
- Ғарифолла Есім «Абай туралы философиялық трактат» Алматы «Қазақ университеті», 2004, Б.4–6.

БІЛГЕНГЕ-МАРЖАН: ТІЛІМІЗДЕ КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАСЫН АНЫҚТАУ

Ахметова Жанайым, 7-сынып,
«Көкшетау қаласының №1 мектеп-гимназиясы» КММ
Касенова Ботагоз Бағзатовна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
«Көкшетау қаласының №1 мектеп-гимназиясы» КММ
E-mail: mansur_2005.74@mail.ru

Әр адам өзінің ана тілін білуі - азаматтық борышы. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» деп, ақын Қыдыр Мырза Әли айтқандай, өзін сыйлаған, елін сыйлаған адамда, алдымен, ана тіліне деген үлкен құрметтің қалыптасуы маңызды. Өз тіліңді сыйламау, түп-тамырыңды білмей, басқаны бағындырамын деу - бекершілік. Қазақ тілі өте бай, күрделі тіл. Оны аз уақытта меңгеріп шығу мүмкін емес. Тілімізді білу үшін тіліміздің шыққан тегін білу парыз.

Қазақ тілі - түркі тілдер тобына жататын көне тілдердің бірі. Түп тілімізді білсек, төл тілімізді танимыз. Қазіргі кезде кейбір сөздердің мағынасын түсінбей, үйдегі үлкендерден сұрай қалсаң, олар да білмей жататын кездері болады. Ия, түсінемін, тіліміздегі сөздер де адамдар сияқты заманында өмір сүріп, көнергенде яғни заманы өткенде қолданыстан шығып, олардың орнын жаңа сөздердің алмастыры жататыны белгілі. Дегенмен, кейбір сөздеріміз уақыт өте келе қайта тіріліп, жаңа мағынаға ие болып жатады. Қандай тамаша да қызықты құбылыс. «Жақсының аты, ғалымның хаты» өлмейді дегендей, тіліміде де мәңгі жасайтын мағынасы терең сөздер жетерлік. Қазақтың тілі ұлан ғайыр, бай, көркем тіл деп бекерден айтылмаған. Айтатын ойыңды қалай жеткіземін десең де өз еркің. Тек ол үшін әр бір сөздің мағынасын жете түсініп қолданған абзал. Ата-бабаларымыз қолданған тіл өте ғажап тіл. Бір сөзбен-ақ айтатын ойын еш бүге-шүгесіз жеткізген.

Менің бұл тақырыпты таңдауыма себеп болған жасөспірімдер арасында болатын келеңсіз оқиғаның бірі еді. Оқиғаны бастан-аяқ айтпай-ақ, мені осыған әкелген түйінді сөз «өкпелеу» туралы айтқым келеді. Ия, сол күні мен құрбыма қатты ренжідім. Үйге келген соң, бүктетіліп жатып қалдым. Ішім ауыратын сияқты. Жоқ ішім емес, ішімнен жоғары тұс. Сол жер қаңырап, бос қалған сияқты ма? Ішіме дем алып, толық шығара алмайтын сияқтымын. Ауа жетпейді. Өкпем, өкпеме дем жетпейтін сияқты.

Адам сөздің шығу тегін білсе, танымы артады, сөздің қоры молаяды, ойын дұрыс жеткізеді, сөздің мағынасын біліп, орынды қолданады деп тұжырым жасаймын.

Ойымды ары қарай жалғастырмас бұрын, сөздерді осы тұрғыда зерттеу ғылым тілімен қалай аталатынын білу үшін мұғаліміме жүгіндім. Сонымен, Бұл ғылым - этимология - грек тілінен аударғанда ақиқат, шындық деген мағынаны білдіретін, белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, тарихын зерттейтін ілім. Әбдуали Қайдардың «Ғылымдағы ғұмыр» Алматы 2014ж шыққан еңбегімен таныстық. Мен де аз да болса, қазақ тіліндегі кейбір сөздердің шығу тегі мен тарихын зерделесем деп ойладым. Бәлгенге маржан демекші білу, іздену менің алға қойған мақсатым.

Өкпелеу. Иә, ойымды ары қарай өрбіте түсейін. Болған оқиғаның басын сіздерге «алғы сөзде» айтқан болатынымын. 2019 жылы жаһанда өткен пандемия COVID-19 жағдайы бәріміздің есімізде, санамызда, жадымызда мәңгі қалды деп ойлаймын. Ауру өршіп тұрған уақытта менің апам да бір аунап тұрды. COVID-19 бен ауырған адамға ауа жетпей, өкпесі қабынады дегенді жиі еститінбіз. Үйге келген дәрігер апам «стреске» салынбаңыз, ренжімеңіз, қатты уайымға бой алдырмаңыз деп кеңес берді. Қызуы көтеріліп ауырып жатқан адамға уайымдаудың не пайдасы бар деп ойладым. Кейін, өзімнің құрбыма ренжігендегі өкпе тұсымның ауырғанын, қаңырап бос қалғандай болғанын есіме түсірдім. Мән жайды білу үшін, Алматыдағы дәрігер апам қоңырау шалдым. Дәрігер апам адамның өкпесінің атқаратын қызметін түсіндірді. Рас, адам ренжігенде, ашуланғанда өкпесімен жиі дем алады, қан айналымы жиілей түседі. Өкпе адамға тыныс алу үшін қажет. Адам тыныс ала отырып, бүкіл ағзасын қажетті оттегімен қамтамасыз етеді.

Менің түсінгенім:

1. Адам ренжігенде «өкпеледім» деп айтуының мәнісі осында болуы мүмкін. Себебі, біріншіден, өкпе тұсың қаңырап бос қалғандай болады; екіншіден, толық демалу қиындайды да, адам «уһлеп, ахылап» демалады; үшіншіден, ер адамдар қатты ашуланғанда, ренжігенде темекі шегеді, оның да бір себебі, осылайша олар ауырып тұрған өкпесін никотинмен уақытша басады деп ойлаймын. Осындайға тап болған адамның жағдайына байланысты «өкпесі қарс айырылды, өкпесін айтты, өкпесін жазды» деген сөздер шыққан болса керек.

2. Ал COVID-19 бен ауырған адам қатты уайымға салынып, ауырып қалғанына ренжіген кезде (өкпелегенде), жиі демалудан індет қанмен оттегімен бірге індетті бүкіл денесіне тасымалдағандықтан өкпе ауруы өршіп, әлсірейді, аурудан тез жеңіледі деп ойлаймын.

Бауыр. Неліктен ата-бабаларымыз туыстас ер азаматтарын «бауырым» деген? Адам ағзасындағы белді мүше бауырмен қандай байланыс бар? Медицинада бауыр туралы мынадай фактілер бар:

- Бауыр - маңызды орган, адам ағзасында 500-ден астам рөл атқарады.
- Бұл қалпына келтіруге болатын жалғыз орган.
- Көптеген органдардан айырмашылығы, бауырда екі үлкен қан көзі бар.

Қазақтың «тас бауырлық», «бауыр басу», «бауырына тарту», «бауыры езілу», «бауырын көтеру», т.б. ауыспалы мәні бар қолданыста жүрген сөздерінің бәрінің астарында адам ағзасындағы бауыр сөзімен тікелей байланысты. Тілімізде «Бала - адамның бауыр еті» деген тұрақты сөз орамы да бар. Ата-бабаларымыздың дүниетанымында бауырдың өсіп-өнгіштік қабілеті де назардан тыс қалмаған. Сондықтан да қазақ елі ең жақын туыстықты «бауыр» сөзімен білдірген. Бауырды «ұйған қан» деп те айтып жатады. Олай болса, біріншіден, туыстық мағынасындағы бауыр сөзі, қандас деген мағынаны білдірсе, екіншіден, ата-бабаларымыз сонау замандарда бауырдың өсіп, орнына келетінін білген және осыған байланысты адамзаттың өсіп-өнуі ер азамат жағынан екенін білдірген.

Арыс. Менің қызығушылығымды оятқан сөздің бірі - арыс. Сабақта «бес арыс» деп қазақтың зиялы азаматтарымен танысамыз. Сондағы «арыс» сөзінің бастапқы мағынасы қандай болды екен деген ой келді.

Оңтүстік Қазақстан облысында Арыс қаласы бар. Қаланың атауы қала жанында Арыс өзенінің болуына байланысты екені белгілі. Мұнда аңызға арқау болған қызға кесене тұрғызылған. Аңызға сүйенсек, ертеде бір байдың әйелі қайтыс болып, еліндегі бір зергердің Рыс есімді қызына көңілі кетіп, құда түседі. Мұны естіген Рыс шошып, қарсы болады. Бірақ бай қыздың әкесіне мол байлық беріп, айтқанынан қайтпайды. Сұлу қыз өз теңінен бара алмайтындығын білген соң, биік жардан Арыс суына жардан секіріп, мерт болған екен. Қыздың ел-жұрты өзенді «Рысаққан өзен» деп атап кеткен көрінеді. Кейінен Рыс Арысқа айналып, өзен Арысаталған деген аңыз бар.

Кейбір деректерде Арыс атауы - көне заманнан келе жатқан тарихи атау делінген. Ол атаудың бірінші құрамындағы ар сөзі үндіеуропа және орал-алтай тілдерінде «ar» - «өзен» мағынасын білдірсе, екінші құрамындасы ыс тұлғасын да сол тілдердегі ос (-ус, -ас, -ыс) -

«өзен, су» мәніндегі сөз екенін ғалымдар айтқан. Олай болса, Арыс атауының мағынасы «су, өзен» дегендегі білдіруі мүмкін.

Бұл пікірлердің барлығы мен үшін өте құнды. Дегенмен «Бес арыс» яғни, қазақтың зиялы адамдарын теңейтін «Арыс» сөзімен еш байланысы жоқ болғандықтан мені осы сөз біраз ізденіске түсірді. Мән-мағынасын анықтау мақсатында «арыс» сөзін кездестіргенде түртіп алып жүрдім.

1. А.И. Соловьев, Г.В. Карпов Словарь-справочник по физической географии. – Москва: «Просвещение», 1983. -324 с. 2. Васильев В. А. Справочник по органическим

удобрениям // В. А. Васильев, Н. В. Филатова. - 2-е изд. перераб. и доп. - М: Росагропромиздат, 1998. - 368 с. 3. И. Селиверстова Со дна и прямо на грядку // Приусадебное хозяйство. - 2007. - № 9, С. 22. 4. Т.Р. Омаров Озера Казахстана – Алма-Ата, 1987, - 278 с. 5. Муравлев Г.Г. Малые озера Казахстана: (Ресурсы и использование в с.-х. производстве). - Алма-Ата: Б. и., 1973. – 179 с. 6. Ашихмина Т. Я. Школьный экологический мониторинг: Учебно-методическое пособие // Т. Я. Ашихмина. - М: АГАР, 2000. - 180 с. 7. Безуглова О.С. Удобрения и стимуляторы роста. Ростов-на-Дону: Феникс, 2000. - 320 с. 8. Ж.Ж. Есенбаева Изучение донных отложений, как материал для целесообразного использования в сельском хозяйстве: Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави, - Туркестан: 2018. Режим доступа: [izuchenie-donnykh.pdf \(scientificmagazine.ru\)](http://izuchenie-donnykh.scientificmagazine.ru) 9. [Можно ли брать ил, как удобрение и как его использовать - Сибирский сад \(sadartemenko.ru\)](http://sadartemenko.ru)

ИДЕЯ ЦЕЛОСТНОГО ВОСПРИЯТИЯ. «СЕМЬЯ И БРАК» КАК ФУНДАМЕНТАЛЬНАЯ ОПОРА В ПРОЦВЕТАНИИ ОБЩЕСТВА РК

Габдуллова Адема Азаматовна.,
ученица, 7 «Ж» класса Білім инновация «ІТлицей-интернат»
Мұратбек Таир Еркеұлы
ученик, 7 «Д» класса Білім инновация «ІТлицей-интернат»
Бекенева Карлыгаш Амантаевна
учитель истории Білім инновация «ІТлицей-интернат» город» Щучинск,
Бурабайский район, Акмолинская область bekeneva.karlygash@mail.ru

"Семья – это стержень казахстанского общества"
Н. Назарбаев

Во все времена развития народа прослеживалась высокая нравственность и духовная культура казахов. Что подтверждается отечественной историей народа. В самые тягостные времена наш народ мог быть показателем высокой нравственности и духовности.

Доказательством служит преданность каждого члена семьи своему роду и своей семье. Уважение и почитание казахами своих предков.

В течение развития казахского народа он ярко проявлял свои высоконравственные качества в самые трудные годы.

Невольно прослеживается взаимосвязь между «Законами» тех времен и морально-нравственным духом народа, который вытекал из высокоморальных соображений семейственности в данный период.

Вспомним те времена, когдасамым гуманным судом считался свод законов хана Тауке«ЖетіЖарғы» в которых были отражены все сферы жизни: семейно-бытовые, родоплеменные, называя современным языком, это был единый кодекс, где были представлены ответы за любое деяние гражданского или уголовного характера. Данный кодекс получил высокую оценку историков, этнографов, юристов. К примеру, известный этнограф А. Левшин называл Тауке-хана «Ликургом Казахской орды».

Казахский народ живший по данным законам неоднократно доказывал свое величие и в мирном и военном деле. Дух сплочения и единства, который шел из семьи «ячейки» общества был направлен на общее дело всего народа.

Исследуя основы законодательства СССР и союзных республик о браке и семье(с изм. и доп., внесенными Указами Президиума ВС СССР

от 09.10.1979 - Ведомости ВС СССР, 1979, N 42, ст. 696;

от 19.01.1984 - Ведомости ВС СССР, 1984, N 4, ст. 77;

от 01.02.1985 - Ведомости ВС СССР, 1985, N 6, ст. 101;

от 14.10.1986 - Ведомости ВС СССР, 1986, N 43, ст. 895;

Законом СССР от 22.05.1990 - Ведомости СНД и ВС СССР, 1990, N 23, ст. 422)

В Советском Союзе были созданы наиболее благоприятные условия для укрепления и процветания семьи. Неуклонно росло материальное

благополучие граждан, улучшались жилищно-бытовые и культурные условия жизни семьи. Социалистическое общество уделяло большое внимание охране и поощрению материнства, обеспечению счастливого детства. Коммунистическое воспитание подрастающего поколения, развитие его физических и духовных сил являлось важнейшей обязанностью семьи. Государство и общество всемерно помогало семье в воспитании детей, широко разветвлялись сеть детских садов, яслей, школ-интернатов и других детских учреждений. Советское законодательство о браке и семье призвано активно способствовать окончательному очищению семейных отношений от материальных расчетов, устранению остатков неравного положения женщины в быту и созданию коммунистической семьи, в которой нашлось бы полное удовлетворение наиболее глубоких личных чувств людей. Семья как ячейка общества в годы СССР имела устойчивые взгляды по идеологии укрепления «Воли, духа и тела» каждого человека, через полное удовлетворение чувства самодостаточности человека.

Итогом данного законодательства является сильный дух людей, что подтверждено многочисленными историческими фактами ВОВ.

О высокой нравственности семей казахов во времена ВОВ освещенной на весь мир можно судить из многочисленных фактов и статистики выживших заключенных – узников в Казахстане.

В 1990 году в Казахстан прибыла Гертруда Платайс - бывшая заключенная Акмолинского лагеря жен «изменников» родины. Тогда она впервые поведала сотрудникам музея «АЛЖИР», как в первый раз увидела местных казахов и как они отнеслись к заключенным женщинам. Дело было в одно бурное зимнее утро. Женщины-узницы под усиленным надзором конвоя собирали камыш на берегу озера Жаланаш для постройки барачков. У каждой заключенной была своя норма и для ее выполнения приходилось работать по 17-20 часов в сутки. Измученные женщины буквально валились с ног, когда из зарослей камыша выскочили старики и дети - местные жители соседнего казахского села Жанашу. Старшие дали команду, и дети стали забрасывать камнями женщин. Конвоиры начали громко и жестоко смеяться: мол, видите, вас не только в Москве, вас и здесь, в ауле, даже дети не любят. «Было очень больно и обидно и, в первую очередь, морально» - вспоминает Гертруда Платайс. Такие «избиения» повторялись в течение нескольких дней. По лицам оскорбленных узниц текли слезы. Они тихо взывали к судьбе и роптали на несправедливость задурманенных и озлобленных сталинской пропагандой казахов... Но однажды обессиленная от летевших в нее камней, Гертруда споткнулась и упала лицом на эти самые камни. Секунду спустя до нее донесся запах творога. Камни, от которых она так старалась укрыться, пахли сыром и молоком. Она подняла один из них с земли и положила в рот – он оказался очень вкусным. Она собрала камешки и отнесла в барачок, где находились заключенные, среди которых были и женщины-казашки. Они рассказали, что это курт, соленые и высушенные на солнце плотные комочки творога. Оказалось, чтобы хоть как-то помочь пленным женщинам, местные казахи нашли единственный способ, который не привлекал внимания надзирателей, ибо был сокрыт под маской жестокого пренебрежения к пленным. Казахи пережили голодные 1930-е годы, но даже страх потерять своих детей не останавливал их. Втайне они прятали в кустах кусочки вареного мяса, лепешки, курт и толокно. Благодарность на всю жизнь сохранилась в сердцах выживших. «Все лагеря плохие, - рассказывают женщины – но именно в казахстанских выживали многие и, в первую очередь, благодаря казахам. Они на себе испытали голод, холод, лишения». Стихотворение «Курт – драгоценный камень» было написано по воспоминаниям Гертруды Платайс преподавателем истории Раисой Голубевой.

Заканчивается прекрасными строками – «**Что только так и надо воспитывать детей.**»

Сегодня Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2011 года № 518-IV «О браке (супружестве) и семье» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 27.12.2019 г.) рассматривает все направления семейных взаимоотношений. Например:

Глава 1. Статья 1:

Основные понятия, используемые в настоящем Кодексе

- Семья - круг лиц, связанных имущественными и личными неимущественными правами и обязанностями, вытекающими из брака (супружества), родства, свойства, усыновления (удочерения) или иной формы принятия детей на воспитание и призванными способствовать укреплению и развитию семейных отношений;

- Ребенок (дети), находящийся в трудной жизненной ситуации, - ребенок (дети), жизнедеятельность которого нарушена в результате сложившихся обстоятельств, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О специальных социальных услугах», и который не может преодолеть данные обстоятельства самостоятельно или с помощью семьи;

Глава 2. Осуществление и защита брачно-семейных прав.

Статья 6. Осуществление прав и обязанностей в брачно-семейных (супружеско-семейных) отношениях:

- Осуществление брачно-семейных (супружеско-семейных) прав и исполнение обязанностей не должны нарушать права, свободы и законные интересы других членов семьи и иных субъектов права.

Статья 27 Конституции гласит:

1. Брак и семья, материнство, отцовство и детство находятся под защитой государства.

2. Забота о детях и их воспитание являются естественным правом и обязанностью родителей.

3. Совершеннолетние трудоспособные дети обязаны заботиться о нетрудоспособных родителях.

Статья 39 Конституции гласит:

1. Права и свободы человека и гражданина могут быть ограничены только законами и лишь в той мере, в какой это необходимо в целях защиты конституционного строя, охраны общественного порядка, прав и свобод человека, здоровья и нравственности населения.

Исходя из вышесказанного мы видим прямую связь зависимости содержания законов о «Семье» с средневековья до современности. Чем меньше акцента на высокую нравственную культуру и духовность, тем хуже результат.

В казахах заложена ценность семейственности, что прослеживается через призму времен развития казахского народа. Вспомните, при встрече двух пожилых незнакомых людей, какой вопрос звучит одним из первых?

- Сенің руін қандай? (Из какого ты рода? Семьи?)

Для того, чтобы сохранить индивидуальность нашей нации данную проблему защиты духовного и нравственного начала «Семьи» необходимо решать на законодательном уровне. Но пока, каждый должен начать со своего личного вклада из зоны нашего ближайшего развития. Мы лицеисты IT школы-лицея №11 приняли решение сплотить коллективы родителей и учащихся. Мы активно проводим совместные встречи за круглыми столами, совместное решение насущных проблем, акции и челенджи по оказанию помощи взрослым и детям. Только все вместе мы сила.

«Семья»- это не только мама, папа и я, это и мои друзья, знакомые, мои любимые четвероногие! А мой «дом» это не только жилище, это мой лицей, мой город, моя Родина, моя планета «Земля»! Вот почему мы назвали этот проект «Идеей целостного восприятия». Семья – это всё...

Источники литературы:

1. Әділет.РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан, 2012

2. Әділет. Кодекс о браке и семье. Преамбула исключена Законом Республики Казахстан от 22 октября 1993 года (Ведомости Верховного Совета Республики Казахстан 1993 г., N 19, ст. 453). Утративший силу
3. Кодекс утвержден Законом Казахской ССР от 6 августа 1969 года. Утратил силу - Законом РК от 17 декабря 1998 г. N 322 ~Z980322
4. Портал «История Казахстана» — e-history.kz.<http://lit.kazakh.ru/ehistory/43639.php>
5. Статусы, цитаты, афоризмы и пословицы. Раздел «*Стихи пользователя Галина Маркова*» - MillionStatusov.ru
6. Портал Стихи.ру. Портал работает под эгидой Российского союза писателей.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

Джанбаева Дария Роллановна
СҚО, Ақжар ауданы, № 2 Ленинград орта мектебі, 8 сынып сынып оқушысы

Басыбаева Нургуль Канатовна
СҚО, Ақжар ауданы, № 2 Ленинград орта мектебі, тарих пәні мұғалімі
Nurgul-ghetto-93@mail.ru

Тарихи тұлғалар. Бұл сөздерді естігенде есімізге кімдер түседі? Жалпы, тарихи тұлғалар деп біз кімдерді білеміз? Ең алдымен, бұл сөздерді естігенде, есімізге біздің байтақ қазақ жерімізді қорғаған және еліміздің дамуына үлес қосқан тұлғаларымыз түседі. Дұрыс емес пе? Біздің еліміз үшін қанын төгіп, жанын пида еткен жандар аз болмағаны анық. Иә, шыны керек, біздің заманымызға дейін ұлан байтақ қазақ жерімізде қаншама тарихи тұлғаларымыз өмір сүрді. Сол кездердегі болған жантүршігерлік оқиғалар мен қиындықтарға қарамастан, бастарын бәйгеге тіккендер аз болмаған. Мен өз басым. сондай тұлғаларымызға таңғалып та, тамсанып та қараймын. Әрбір қазақ баласы, ол кісілердің жасаған ерліктерін жалғастыруы керек, яғни бізге аманат етіп қалдырған байтақ жерімізді сақтап, жалғаспай қалған істерін соңына дейін жеткізуіміз тиіс. Қазақта осындай кереметтей сөз бар емес пе: «Тұлғаларымыздың есімі тарихта алтын әріптермен жазылуы керек» деген. Мен бұл сөздермен толығымен келісемін. Неге десеңіз, шынымен де, біздің ата-бабаларымыз мүмкін болмайтын нәрселерді шындыққа айналдырғандары өтірік емес қой, солай ма? Сондықтан да, аса шыншылдықтарымен, көрегенділіктерімен, батылдылықтарымен есте қалатын тұлғаларымыздың жасаған істерін одан әрі зерттей отырып, қазіргі және келешек ұрпақтың санасына құйып отыруымыз керек. Қазіргі уақытта өз халқыңның тарихын білу, әсіресе оның басты тұлғаларын білу міндетіміз.

Мен өзімнің мақаламның маңызды бөлігін «Жұмабек Тәшенов» дастанындағы өлең жолдарының үзіндісімен бастағым келеді.

Төнгенде қара түнек көкті торлап,
Шешкен жан шиелі істі оймен толғап.
Аузынан аждаһаның жұтам деген,
Жан салып, ел мен жерін аман қорғап.
Жаралған алып батыр, ердің ері,
Қазақтың асып туған кемеңгері.
Жұмабек «жан пида» деп кіріспесе,
Зар жылап қалар еді қазақ елі.

Әр халықтың өзінің қайталанбас тұлғалары бар. Тарихтың әр бетін аша келе отырып, олардың жұлдыздары одан әрі жарқырай түседі. Осы батырларымыз бүкіл уақытын халық үшін, ел үшін арнаған. Осындай батырларымыздың бірі - Жұмабек Ахметұлы Тәшенов. Ол кісінің есімі тарихта алтын әріптермен еніп қалды. Иә, өздеріңіз көргендей, мен өзімнің

эссемді осы тұлғамызға арнағым келеді. Жалпы, ең алдымен, мен бұл кісінің өмірбаянына көз жүгірткенді жөн көрдім. Жұмабек Ахметұлы Тәшенов 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Танагүл ауылында дүниеге келген. Ол өзі жастайынан білімге құштар болып өседі. Алайда, отбасылық жағдайға байланысты, көпке дейін оқи алмады. Жұмабек Ахметұлы өзінің алғашқы білімін Жоғары партия мектебінен алған. Бұл оқу орнын тәмамдағаннан кейін де, білімін кеңейту мақсатында, бірнеше жоғары оқу орындарында оқыған. Ал содан кейін, жұмыс жолын біздің Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарынан бастаған. Осы облыстарда көптеген жауапты қызметтерді атқарған. Осы орайда бір айта кететін жәйт, Жұмабек Тәшенов осы облыстарда жұмыс атқарып жүргенде, Мағжан Жұмабаевтың атын ресми түрде ақтап алған. Жұмабек Тәшеновтың қазақ жеріне сіңірген үлестері жетерлік. Ол өзінің туған жері үшін жанын пайда еткен жандардың бірі болды [1,125-б.]. Жасаған ерліктері әрбір адамның есінде қаларлықтай. Енді Жұмабек Тәшеновтың жасаған ерліктеріне тоқтала кететін болсақ, ол кісінің ерліктерінің ішіндегі ең бастысы және маңыздысы ол қазақ жерін сақтап қалуы. Никита Хрущевтың жоспары бойынша, Қазақстанның көптеген шұрайлы жерлерін басқа елдерге бөліп беруден, нақтылай кетсек қазіргі біздің Солтүстік Қазақстан облысын Ресей мен Грузияға, Маңғыстау облысының жерлерін Түрікменстанға, және де Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақта егетін жерлерді Өзбекстанға беру болды. Осындай әділетсіздікке көз жұмып отыра алмаған Жұмабек Тәшенов Никита Хрущевқа «Жоқ!» деп қарсы шығады [2,221-б.]. Ол қазақ жерін ешкімге таптатпайтынын, қасық қаны қалғанша қорғайтыны айтты. Сол кезде ол кісінің кеудесінен осындай жүрекжарды сөз шыққан «Мен Ақмолада туып-өстім. Бұл жерде әке-шешемнің, ата-бабаларымның зираты жатыр. Сіздер бұл жерді Ресейге беріп жібермексіздер ме!? Мұндаймен ешбір қазақ келіспейді?!». Осылайша жалынды рухымен, бүкіл қазақ халқын оятқандай болды. Егер сол кезде Жұмабек Тәшенов қазақ жерін сақтап қалмағанда, қазіргі қазақ еліміздің кең байтақ жері қандай жағдайда болушы еді. Міне, осындай ұлы тұлғамыздың арқасында қазақ жері жат елдің жетегінде кеткен жоқ. Сонымен қатар, Жұмабек Тәшеновтың қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы Уалиханов ауданы, бұрынғы Толбухин ауылына қосқан үлесі зор. Осы ауылда су мәселесінің тапшы екенін ести сала, Жұмабек Тәшенов тікелей Арменияға, 1 аптаның ішінде су өткізуге барлық құралдарды жедел түрде әкелткізген. Осылайша үлкен бір аулды сумен қамтамасыз еткен. Жұмабек Тәшенов бұрынғы «Социалистік Қазақстан» және тағы да басқа газеттердің жабылмауына өзінің үлесін қосқан. Ол кісі қазақ өнері мен мәдениетінің үлкен жанашыры және ұйымдастырушы болды. Сол кездерде Алматы қаласындағы өнер адамдарына үй салып берген. Осы жасаған ісінен кейін, Никита Хрущев Жұмабек Тәшеновқа «Ұлтшыл» деген жала жауып, жұмыстан шығарған. Кейінірек, қазіргі Алматы қаласында орналасқан «Медеу» мұз-айдыны мен Абай ескерткішінің салынуына үлкен үлесін қосқан. Сол кезде де, қазақтардың басын қосып, партия құрған да жалғыз осы Жұмабек Тәшенов болған. Оның бұл партияны құрудағы мақсаты – қазақ жастарының өр-рухын көтеру. Жұмабек Тәшенов ауыл шаруашылық экономикасы саласының білгір маманы, Қазақстанда ауыл шаруашылығын дамытуда және жер өңдеу технологиясын жақтаушы болған. Ол экономикалық саясат пен экономика ғылымында өзіндік із қалдырды. Жерін жатқа беруге қарсы жан аянбай күрескен ерлігімен, өз еліне адал азаматтығымен есте қалды. Жұмабек Тәшенов заманы кезінде және одан кейінірек те білімі мен біліктілігі, іскерлігі жөнінен онымен деңгейлес жоғары лауазымды қазақтан шыққан азаматтар болды. Бірақ қиын сәтте, ел мен жердің тұтастығына қауіп төнгенде, ешқайсысы Жұмабек Тәшенов сияқты өздерінің қызметтерін құрбандыққы шалуға бара алмады, былайша айтқанда, әрбіреуіне жүректілік жетіспеді.

Жұмабек Тәшенов – қазақ тарихында қайталанбас қайсарлығымен, ақыл-ойының тереңдігімен, шұғыл да батыл шешімдерге бара алатындығымен танылған, суырыпсалма ой ұшқырлығының арқасында қазақ жерінің тұтастығын мүлт еткізбей, бір оқ атпастан сақтап қалған біртуар қаһарман батыр. Ол кісі үлкен қызметтерде бар жоғы 6 жыл ғана жұмыс жасаған екен. Алайда осындай аз мерзімнің ішінде халықтың қамы үшін үлкен елеулі жұмыстар атқарған. Орысы болсын, қазағы болсын, қай-қайсысы да Жұмабек Тәшеновпен сөз

таластыруға бармаған. Ол кісі қарапайым халықпен етене араласқан, табиғатынан таза, адал адам болған. Жұмекең үшін қарапайым адам болсын, бай адам болсын – бәрі бірдей болған [3,312-б.]. Жұмабек Тәшеновтың өзге әріптестерінен оқшауландырып тұратын бір ерекше қасиеті - оның қашанда басқа адамдарға жақсылық жасағысы келіп тұратындығы болған. Кіммен сөйлесе де, ойын еш жасырмай еркін жеткізе білген. Ешкімнің алдында бас имейтін, дегенмен ешкімді кемсітіп көрмеген ашық жарқын адам болған.

Қазақ халқы кімге қарыздар болса, осы Жұмабек Тәшеновқа қарыздар болар еді. Ол – ұлт алдындағы парызы мен қарызын адал атқарған адам. Сол кездің өзінде «Мен – қазақпын!» деп қорықпай жаһанға жар салған жалғыз адам да сол болған. Ал біз сондай асыл адамның алдындағы парызымызды өтедік пе?! – деп Исмаил Юсупов кереметтей сөз қалдырған [4,40-б.]. Бұл сөздердің астында қаншама мағына жатыр. Шынымен де, біз өзімізге ол кісінің алдында парызымызды өтедік пе деген сұрақ қоюымыз керек. Және осы парызды атқару үшін әрекет жасауымыз тиіс. Қазіргі кезде, Жұмабек Тәшеновтың тұлғасы ел есінде, әйтсе де біршама қазақ халқы оны танымағандықтан, қазақ халқы тарихында атқарылатын жұмыстар мен іс-шараларды өткізуді кеңейту керек. Бізге тәуелсіздік оңай жолмен келген жоқ. Сол азаттық жолында қаншама жерлестеріміздің көз жасы мен қаны төгілді. Соның ішінде Жұмабек Ахметұлы өз туып-өскен жері мен қазақ халқы үшін тер төкті. Ол нағыз қаһарман. Жұмабек Ахметұлы Тәшенов өз уақытының біртуар тұлғасы, азаматы бола білді. Осындай батырларымыздың арқасында, біздерді, яғни қазақтарды намысты халық деп атаған. Иә, білектің күші, найзаның ұшымен, ер-жүрек батырлығымен көзге түскен тұлғаларымыз аз болмаған. Соның ішінде, Алашорда қайраткерлері, сонау Қазақ хандығы кезіндегі батырларамыз халқымызды мықты ұлт ретінде танытқан. Өзінің басын қауіп-қатерге тігіп, халқының болашағы мен мемлекетінің жерін сақтап қалу үшін тоталитарлы жүйеге қарсы шығып, күресті. Мен өз басым Жұмабек Тәшеновты қазақтың басына біткен бір бағы деп білемін.

Қорыта келгенде, Жұмабек Ахметұлы Тәшенов өмірінің соңына дейін елі мен жұртына адал қызмет еткен адам болған. Осы үшін де оны халық арасында «Шынжырдағы жолбарыс» деп атаған екен [5,10-б.]. Өзі де сондай жолбарыстай батыл да, қайратты болған. Сол үшін де, қазіргі жастарымыз осындай ұлы тұлғаларыздан үлгі алуы керек. Қазақтың болашағы жастардың қолында емес пе? Әрине, солардың қолында. Елімізге қиын күн туғанда, дәл осы тұлғаларымыз сияқтыс батыл да, нақты қадамдар жасай білулері керек. Сонымен қатар, бағана айтып кеткендей, ол кісілердің жасаған істерін жалғастыруымыз керек. Себебі, сонда ғана еліміз одан әрі дамиды деген ойдамын. Неде болса, қасық қанымыз қалғанша елімізді қорғауымыз керек. Мен сол бұрынғы және қазірде де бар ұлы тұлғаларға басымды иемін. Осындай тұлғаларымыздың арқасында, қазақ еліміз сондай намысты, ержүрек болып қалыптасқан. Бұл мен үшін өте қуантарлық мәртебе. Келешекте жастарда намысымызды жерге таптатпай, елімізде одан әрі дамытса, тіпті керемет болатын еді деп ойлаймын. Менің тағы да бір айта кетерім, сол тұлғаларымыздың арасындағы, оның ішіндегі Жұмабек Тәшенов туралы «Тарих» кітабына қосқанын қалаймын, және белгілі бір көшенің атын берсе деген ұсынысым бар. Себебі, бұл кісіні көп ешкім тани бармейді, өкінішті. Сол себепті де, осындай істерден бастасақ жастарамыз ол кісіні тани бастайды. Жұмабек Тәшеновтың ерлігін әрбір қазақ баласы білуі парыз. Қазақ елінің тарихы баға жетпес қойнау, олардың ішіндегі ұлы тұлғаларымыз ең асылдары. Оны осы өлең жолдарынан аңғара аласыздар.

Ақтарып тарихтың сан қойнауларын,

Аралап батыр өткен жол бойларын.

Біліп жүргің танытып ізденісті

Тарихта баға жетпес қойнау барын. – дей отырып өз эссеімді аяқтағым келіп отыр. Тарихымыз бен оның барлық ұлы тұлғаларын мақтантұтып құрметтейік.

Әдебиет

1. Каренов Р.С. Тұғыры биік тұлғалар. - Алматы: Ғылым, 2003, 275 б.

2. Жұмабек Тәшенев тұралы естеліктер, Алматы, Білім, 2005 ж. 250 с.
3. Дүйсен С., Еңсенов Қ. Жұмабек Тәшенев. – Алматы: Литера-М ЖШС, 2012, 320 с.
4. Альдибекова А. Өте қамқор әке болатын.//Аңыз адам. 2010. – сәуір, № 10 (94), 40 с.
5. Қабылда Е. А. Кісендегі жолбарыс.//Әділет.2015. – 13 наурыз, № 10 (215)

«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ МЕН ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ

: Таженова Ақмарал Дауренқызы
Көкшетау қ., ФМБ НЗМ, 12 сынып оқушысы

Жетекшінің ТАӘ: Мукушева Гаухар Бекентайқызы
Көкшетау қ., ФМБ НЗМ, тарих пәнінің мұғалімі, тарих ғылымдарының магистрі
Автордың (лардың) E-mail: akmaral.tazhenova66@gmail.com, mukusheva_g@kt.nis.edu.kz

Мәдениет – еліміздің ажырамас бөлігі. Сан ғасырлық құрылыстар мен дәстүрлер еліміздің мәдениеті мен тарихының байлығын көрсетеді. Мәдениеттің өсіп-өркендеуіне үлес қосу адам өмірінің әртүрлі салаларын жетілдіруге әкеледі. Сонымен қатар мәдениеттің қазіргі қоғамда алатын орны зор, ол адамдарды біріктіруге қабілетті, қауымның тұтастығын қамтамасыз етеді. Демек, дәстүр мен мәдениетті сақтау және дамыту маңызды.

Мәдениетті дамытуға бағытталған ең үлкені – Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Назарбаев 2003 жылғы 16 сәуірде жолдауында ұсынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы [1]. Бұл бағдарламаның мақсаты – еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді жаңғырту. «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асырылуы үш кезеңнен тұрады. 2004-2006 жылдардағы 1-кезеңде тарихи маңызы бар археологиялық нысандарды сақтау және қалпына келтіру жоспарланып, 1933,6 млн. теңге бөлінсе, 2007-2009 жылдардағы 2-кезеңде 4004,9 млн. теңге Қазақстан тарихына қатысты құжаттардың, қолжазбалардың, кітаптардың көшірмелерін алуға жұмсалды. 2009-2011 жж. 3-кезеңнің мақсаты бай ұлттық мәдениет пен әдебиетті зерттеумен қатар, ұлттық әдебиетке қатысты жаңа басылымдарды шығару еді және оған 4926,0 млн. теңге бөлінді.

Қазақстан өз кезегінде мәдениеттің мемлекет үшін маңызды рөл атқаратынын ескере отырып, ел мәдениетін дамыту және жетілдіру бағытында бірқатар қадамдар жасады. Дегенмен, «Мәдени мұра» бағдарламасы мәдени мұраны сақтап, жетілдіретініне қарамастан, бағдарламаның кемшіліктері де бар.

«Мәдени мұра» бағдарламасы орасан зор табысқа жетті. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения, АҚШ сияқты елдердің мұрағаттарына арнайы экспедициялар ұйымдастырылып, Қазақстан тарихына бес мың қолжазба мен материалдар табылды [2]. Бұрынғы мәдениет және ақпарат вице-министрі Асқар Бөрібаевтың айтуынша, бағдарлама басқа елдердегі ұқсас бағдарламаларды әзірлеудің түпүлгісіне айналды [3]. 73 археологиялық нысан қалпына келтірілді, 40-тан астам археологиялық және 26 ғылыми зерттеулер жүргізілді, 2 миллионнан астам тарихи маңызы бар заттар сақталған, 230-дан астам кітап, жаңа энциклопедиялар шығарылды [2]. «Қазақ халқының дәстүрлі 1000 әні» бағдарламалары жобалары қазақтың дәстүрлі әндерін қалпына келтіру, цифрландыру және шығару жұмыстары атқарылды [3]. Бұл қазақ халқының ұлы жазушылардың шығармаларын естуге, көруге мүмкіндік берді. Бағдарламаның басты оқиғасы Дамаскіде орналасқан 1266 жылы Сұлтан Бейбарыстың өзі салған кесене Сұлтан Бейбарыс кесенесін қалпына келтіру болды. Ғимараттардың қабырғаларындағы сызбалар ретке келтіріліп, 200 мыңнан астам раритетті кітаптар сақталған [2].

Бағдарламаның жетістіктерімен қатар, оның жүзеге асырудағы олқылықтар да жоқ емес. Бірінші кемшілік ретінде бағдарламаға бөлінген бюджеттің үлестірімін қарастыруға болады. Бағдарламаның бір негізгі бағыты көне ескерткіштерді қалпына келтіру. Ескерткіштердің ішінде басқа елдерде орналасқан үш нысан орналасқан — Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыстың мешіті, Дамаск қаласындағы Әл-Фараби кесенесі, Моңғолияда табылған көне түркі жазбалары бар тастар. Бұл нысандарды жаңғыртуға бөлінген ақша (692 млн. теңге) 2007-2009 жылы бөлінген барлық бюджеттің 37%-ын құрайды [4]. Осындай шаралар маңызды болса да, Қазақстанда орналасқан нысандарға көбірек назар бөлгені жөн.

Археологиялық маңызы бар нысандар туристердің назарын аударады, алайда олардың көпшілігі туризмге бейімделмеген. Туристердің жайлылығы үшін тарихи орындардың жанында туристерге қажет: қонақ үйлер, тамақтану орындары, орынға жету үшін жақсы тасжолдар және т.б. Тарихи құндылығы бар көптеген нысандарда олар байқалмайды [5].

Ескерткіштерді қалпына келтіру, қазақтың өлеңдерін цифрландыру шаралары қазақтың мәдени мұрасын сақтау үшін жеткіліксіз. Мәдени мұра сақталсын десек, ол тек қағаз және тас түрінде ғана емес, халық арасында да таралып, адамдардың саналарында да қалу керек. Қазақстанда мәдени мұраның таралуының трендін зерттейтін жұмыстарды тапқан жоқпыз. Сондықтан америкалық «U.S News and World report`s» мәліметтеріне жүгіндік. Ол рейтингте әлем бойынша 17000 адам әртүрлі елдердің мәдени мұрасын бағалайды. Өкінішке орай, шетелдіктердің көзінде Қазақстанның мәдени мұрасы соңғы жеті жыл байы рейтингтің соңғы орындарда [6].

Жыл	2021	2020	2019	2018	2017	2016
Қазақстанның мәдени мұра рейтингі / Рейтингтегі ел саны	76 / 78	70 / 73	75 / 80	72 / 80	74 / 80	59 / 60

Әрине, шетелдіктердің көзқарасы қазақстандықтардың көзқарасымен сәйкес болмау мүмкін, бірақ «Мәдени мұра» бағдарламасына мәдени мұраның халық арасында таралуын қарастыруға көбірек назар аудару керек деп ойлаймыз.


Сұхбат нәтижесі

Сұхбат беруші, тарих пәнінің мұғалімі Жұлдыз Қайргельдинова айтуынша, «Мәдени мұра» бағдарламасының негізгі жетістіктері мәдениетке оң әсер етті, сонымен қатар, бағдарлама еліміздің мәдени мұрасын қорғауға және сақтауға көмектесті. Мысалы, бағдарламаның көмегімен Қазақстан тарихының ұмытылып бара жатқан бөлігі қалпына келтірілді, тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштер зерттелді. Қазақстанның ұлы ғалымдары мен ақындарының дауыстарының жазбалары ұзақ сақталуы үшін заманауи құрылғыларға көшірілді. Осы өзгерістердің барлығы мәдени мұраны қорғауға және сақтауға ықпал етті. Археологиялық нысандардың пайда болуына қарамастан, мәдени туризм танымал бола алмады, өйткені көптеген нысандар туризмге бейімделмеген. Туристер 3-5 сағаттық жалықтыратын экскурсиядан шаршайды. Көптеген нысандарда демалыс орындары, дәмхана, қонақүйлер қажет.


Сауалнама нәтижесі

Тақырыпты зерттеу үшін «Google Forms» платформасында 23 адам қатысқан сауалнама жасалды. Сауалнамаға қатысқандардың ішінде 47,8% әйелдер, ал қалған 52,2% ерлер. Сауалнамаға 14-20 мен 44-50 жас аралығындағы әр түрлі адамдар тобы қатысты. Сауалнамаға жауап берген адамдардың көбі (43,5%) «Мәдени мұра» бағдарламалары мәдениет саласына оң әсер етті және тарихи-мәдени маңызы бар көптеген нысандар қандай да бір салаға бейімделді деп жауап берді. Респонденттердің басым бөлігі «Мәдени мұра» бағдарламасын оң бағаласа да, 30,4% жауап беруге қиналды. Бұл нәтиже «Мәдени мұра» бағдарламасының көптеген жетістіктері кейбір адамдарға белгісіз екенін көрсетеді.

«Мәдени мұра» бағдарламасы тарихи-мәдени мұраны сақтауға үлес қосты ма?



«Мәдени мұра» бағдарламасы аяқталғаннан кейін мәдени-тарихи маңызы бар нысандар қандай да бір саласында бейімделді ме?



Тарихи-мәдени мұраны сақтаудағы елдердің тәжірибесі

Мәдени саламызды жақсарту үшін біз басқа елдердің тәжірибесін мұқият зерттеп, пайдалы тәжірибе ала аламыз. Біз әлемдегі мәдени мұраға ең бай елдердің (Қытай, Италия, Франция, Грузия, Испания) тәжірибесін қарастырып, Қазақстанда мәдени мұраны дамыту жолдарын таптық.

Қытай 2021-2025 жылдарға арналған мәдениет пен туризмді дамыту жоспарын жариялады. Қытай сияқты, Қазақстан да мәдени мұра мен туризмді бөлек қарастырмай, осы екі саланы біріктіріп, тарихи мұраны туризммен бірге дамытуды ойластыруға болады [7]. Италияда мәдени мұра тек мемлекеттік бюджеттен ғана емес, сонымен қатар жеке демеушілердің де көмегімен сақталады. Мысалы, Италияда мәдени мұраны қолдайтын Fondo Ambiente Italiano қоры 27 миллион еуро жинап, Италияның мәдени мұрасын сақтауға мүмкіндік береді [8]. Қазақстанда да мәдени мұраны сақтайтын қорлар жасауға болады.

«Мәдени мұра» бағдарламасын жақсарту жолдары

- Мәдени мұраны сақтауға және оны дамытуға қолдау көрсететін жаңа үкіметтік емес ұйымдардың пайда болуына ықпал ету
- Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізу үшін мәдени-тарихи маңызы бар нысандардың санын арттыру қажет. Демек, бұл еліміздің әлемдік аренада оң имиджінің қалыптасуына ықпал етеді.
- Мәдени туризмге инвестиция салу және оны қолдау маңызды.

2004-2011 жылдар аралығындағы 8 жыл ішінде мәдени мұраны сақтау бойынша көптеген іс-шаралар жүргізілді. Бұл әрекеттер мәдени мұра объектілерінің сақталуы мен қорғалуына әкелді. Алайда, қаржының үлестірімі бірқалыпсыз, тарихи маңызы бар археологиялық нысандар туризмге бейімделмеген, халықтың бағдарлама туралы білуі жеткіліксіз. Осы мәселелерді шешу үшін мен бірнеше шешім ұсындым. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, бағдарламаның кемшіліктерін және оның Қазақстандағы дамуын ескере отырып, «Мәдени мұра» бағдарламасы мәдени мұраны сақтау мен қорғауда орасан зор рөл атқарды деп сеніммен айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы; 2003ж.
2. М.С. Қараманова, Қазақстанның «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы; 2013: <https://e-history.kz/kz/first-president/show/12320/>
3. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Асқар Бөрібаевпен «Мәдени мұра» бағдарламасы туралы сұхбат; <https://clck.ru/e7C5k>
4. 2007–2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасы; 2007: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070001203>
5. Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру туралы; 2020: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013815>
6. <https://www.usnews.com/news/best-countries/rankings>
7. Қытай мәдениет пен туризмді дамытудың жоспарын; 2021: <https://clck.ru/e7C6X>
8. Италия ұйымы FAI; <https://fai-international.org/who-we-are/>

АХАТ ШӘКӘРІМҰЛЫ – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Нургалиева Диана Дауренбековна
Көкшетау қ., №22 ЖОББМ, 10 сынып оқушысы

Жампеисова Клара Калмуратовна
Көкшетау қ., №22 ЖОББМ, тарих пәнінің мұғалімі
Zhampeisova2017@mail.ru

Ахат Шәкәрімұлы ақын, әрі әке мұрасын зерттеуші талантты адам. Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы көп естеліктер қалдырып, қазақтың ұлттық мәдениеті мен әдебиетіне, тарихына, оның өркендеуіне өз үлесін қосқан. Ахат әке сөзін халықтың қазынасы екенін жете түсініп, әкесінен естігенін бүгінгі ұрпаққа жеткізген.

Ахат Шәкәрімұлының мұрасының бір саласы естеліктер. Олар: Құнанбай Өскенбайұлы туралы, Абай айналасындағы кей оқиғалармен адамдар туралы, Жидебайдағы Оспан-Абай қыстауының тарихы жөніндегі жол танытқыш еңбегі, «Менің әкем халық ұлы Шәкәрім».

Құнанбай Өскенбайұлы туралы естелігі Абай мұражай қорында сақталып, Ғылым Академиясының қолжазба қорына тапсырылған болатын. Кейіннен, сол негізде «Жас алаш» газетінде 1991 жылы 17 қыркүйек күні жарияланды. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы «Менің әкем халық ұлы Шәкәрім» естелігі «Жұлдыз» журналының 1992 жылы №11 санында жарық көрді. Ахат Шәкәрімұлының естеліктері сол заманның қырын ашса, екінші жағынан Құнанбай, Шәкәрім естеліктері арқылы олардың ішкі жан дүниесін, рухани болмысын тануға ынтықтыра түседі.

Ахат Шәкәрімұлы Құнанбайды тану мәселесіне де елеулі еңбек сіңірді. Құнанбайдың уәдесіне берік, ұстамды, қайратты, сабырлы, шешен, болжампаз, әділ билік айтқан мырза болғандығы жайлы және Құнанбай қартайған шағында ел басқару жұмысын балаларына қалдырып, өзі ораза, намазға бет бұрғаны, балаларын орысша оқытқаны, Меккеде екі ай жатып қонақ үй салдырып қайтқаны туралы өз естеліктерінде көрсетеді.

1927 жылы Семейдегі Қазпедтехникумды бітіріп, Шыңғыстаудағы Ақтөбе ауылына қарасты №14 бастауыш мектепте мұғалім болған. 1929 жылдан бастап Құнанбай әулеті кешкен тағдырмен қамау, тергеу, абақты, айдауды басынан өткізді. Ахат Шәкәрімұлы бұл туралы өзінің естелігінде: «1930 жылы Соттың 29 майда «кел» деп шақыртқан повескесі қолыма тиген соң, әкеммен қош айтысып, айырылдым. Әкем мені шығарып салып тұрып: «Егер саған кесік келіп, не абақтыға жабылып, не басқа жаққа жіберсе, мен сені көре алмай қалам, сен қайта оралғанша, көруім екіталай болар дегенде, мен: «Неге олай дейсіз» деп жылап жібердім. Әкей менің маңдайымнан иіскеп: «Жасықпысың! Ақылды азамат емеспісің, жылама! Мен саған бірер тапсырма айтайын, соны ұқ! Әмәнда ойыңда сақта!- деді Сен балалардың ішінде ызақор, сөз көтере алмайтын ашуланшағы болдың. Оның үлкен себебі, сен жасыңда үлкен анаң Мәуеннің қолында өстің. Мәуен сенің айтқаныңды істеді. Ешкімге саған қарсы сөз айтқызбады. Өз бойын тексере білген адамға кемшілігін түзеу оңай. Менің сұрайтыным – бойыңдағы ызақорлық, ашуланшақ әдетіңді таста, балам! Басқа адамды өзін үшін өткелге салма. Егер өткелге кісі салып өтсең – тіріде өзім, өлсем аруағым ырза болмайды! Мұны саған айтып отырғаным – алдында осындай жағдай кез келуі мүмкін дегендіктен, адам атың жойылмасын дегендіктен. Менің ақтық тілегім осы!».

Сөз етілген соңғы тілегін жеткізген соң, тұрпаты биік қоңыр атына еңсегей бойымен тіп-тік қаздыған әкем артына қарамастан жапандағы жалғыз тамына тартады. Күн батар жаққа беттеген әкемнің артынан ұзақ қарап тұрып, соңғы айтқан ақыл-кеңесінді, тілеген тілегінді істеймін, орындаймын деп өзіме-өзім серт бердім. Әкейдің қарасы көрінбей кеткен жаққа қарап: «Әке алаңсыз бол! Айтқаныңды орындаймын!» - деп дауыстағанда, көзімнен жас парлап кетті. 26 майдан кейін мен әкемді қайтіп көргем жоқ. 1930 жылы 29 майда аудан түрмесінде жатып, 4 июнь күні сот бес жыл кесіп, Семей түрмесіне түстім.» деп жазады. Шәкәрімнің бар балалары бірінен соң бірі абақтыға қамалады. Ең алдымен Ахат қамауға алынып сотталады. Жазықсыз жапа шеккен жандардың көрген қорлықтарынан жан түршігеді.

Түрмедегі ауыр азапқа шыдамай Ғафур өзіне қол жұмсап қайтыс болады. Қабыш деген інісі түрмеден шығып елге қайтар жолда аштықтан өледі. Зият Қытайға өтіп, сол жақта қайғылы қазаға ұшырайды. Жалпы Шәкәрімнің барлық балалары дарынды болған. Бәрі де өлең жазып, әндер шығарған. Ахат түрмеде жатып бірге туған бауырларының аянышты тағдырын, әкесінің ГПУ қарақшыларының қолынан айуандықпен қаза тапқанын естиді. Бұл жайында М.Т.Әлиакпаров [1,26-бет] еңбегінде: «Әкесінің қайғысына жеке басының қайғысы қосылып, ауыр азапқа шыдай алмай өзінің жүрегіне өзі ине сұққан кездері де болған. Ине сыртқы жүрек қабына тіреліп, аман қалғанға ұқсайды. Қайсар қарттың қинала отырып айтқан, өксік атқан өкінішті әңгімесі мені терең толғандырды. Кейіннен, 1977 жылдары мен ол кісінің жүрегіндегі иненің сұлбасын рентгенге түсіріп алдым. Түсірілген қағаз әлі күнге дейін менде сақтаулы.» деп жазады.

Абақтыдан босап Шымкент, Жамбыл жақта мектептерде мұғалім болып жүрген Ахатқа «Халық жауы», «Бандиттің баласы» деген жалған айып тағылып 1937 жылы 13 қазанда Сібірге айдалады. 1939 жылы НКВД-ның Бурянк (Бурлаг) теміржол лагерінен босатылады. Абайдың немересі, Мәкен Тұрағұлқызы естелігінде мынадай деректер бар: ...1934 жылдың қоңыр күзінде Мәкен мен оның жолдасы Ұлықбек демалыс алып Семейге келеді. Ел ішінде айдаудан босап келген Ахат пен Әбдіғалиға кезігеді. Әбдіғали бұлармен алыстан қосылатын ағайын болғанмен Абай әулетімен бірге өсіп, қатты араласқан. Сол Әбдіғали: «Сендер мына Ахатты өздеріңмен бірге ала кетсеңдер. Өйткені қолында еш құжаты жоқ, өзі айдаудан қажып келді. Тағы біреулер бірдеңе деп қайта қаматып жіберуі мүмкін. Енді ұсталып кетсе адам болмайды. Қазірдің өзінде әбден жүдеп, қажып жүр. Тіпті жылай береді...» Осы жылы Мәкен Ахат ағасын өзімен бірге Шымкентке алып кетеді. Айдаудан арып келген ағасын Мәкен өз үйінде біржарым жыл бағады. Сөйтіп жүріп Ахатты ескіше сабақ беретін бір мектепке мұғалімдікке орналастырады. Сосын Тобықты ішінде белгілі адам, сол жаққа жер аударылған Ике дегеннің қызы Қаденді әйелдікке алып береді. Ахат пен Қаден жеке шығып өз алдарына отау құрады. 1939-1967 жылдары Алматы ауданы Тастақта, Байсеркеде, Іле ауданында оқытушы, оқу ісінің меңгерушісі болып еңбек етеді.

Айдалып жер ауып жүрсе де Ахат әкесінің асыл мұраларын көзінің қарашығындай сақтап, жинап жүрген. Қолында қалған әдеби мұра, асыл қазынаны құрып кетуден аман сақтау үшін (183 беттік 2 том қолжазба мен көшірме) Қазақ мемлекеттік көпшілік кітапханасының сирек қорына түпкілікті пайдалануға тапсырады.

Ендігі мақсаты перзенттік борышын өтеп, жазықсыз жауыздықтың құрбаны болған әкесінің адал атын халқына қайтару, әдеби мұраларын жарыққа шығарту. Бұған Ахат Шәкәрімұлының 1957 жылы сол кездегі үкімет басшылары Н.С.Хрущевтің, К.Е.Ворошиловтың атына жазған өтініші айғақ. Онда Шәкәрімнің ұлы ақын Абайдың туысы, әрі ең талантты шәкірті екендігін, ешбір кінәсі жоқтығын, қайта артына әдеби бай мұра қалдырған тамаша ақын екендігін баяндайды.

Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі хатшысы, белгілі қаламгер Ғабит Мүсіреповте жазықсыз жапа шеккен қазақ зиялыларына қол ұшын беруге тырысып, Шәкәрімнің талантын, білімділігін аса жоғары бағалап, оның тамаша туындыларын халық игілігіне, ұрпақ тәрбиесіне пайдалану керектігін айтып, Қазақстан КП Орталық Комитетіне хат жолдайды.

1958 жылы 29 қазанда КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік бақылау органының прокуроры қол қойған «Шәкәрім Құдайбердиев ақталды» деген қуанышты хабар алады. Өлген әкесі тіріліп келгендей халде болған Ахат ендігі жерде Шәкәрімнің артында қалған мұраларын қайтадан жинауға батыл кіріседі. Ахат Шәкәрімұлы туған еліне араға отыз жыл салып 1961 жылы оралады. Сол жылдардан бастап елге келіп, халық арасында Абайға, Шәкәрімге қатысты бар дүниелерді іздестіріп, туыс-жақындарымен кездеседі. Әкесінің мұрасын көшіріп, жинаумен, насихаттаумен айналысады. 1961 жылы 27-28 шілдеде Ахат Шәкәрімұлы Бақанасқа барып, екі күн бойы әкесінің сүйегін құр құдықтан жалғыз өзі қазады. Оның бір себебі басқа біреу асығып, сүйектің бір жерін сындырып алар деп қауіптенген еді. «Сол 28 шілде күні мен әкеммен қайта қауышқандай болдым. Барлық сүйектерін түгендеп, үстіме киіп

келген киіміме орап қойып, шүмектеп аққан маңдай теріме де қарамай екі-үш өлең жазып тастадым. Сүйегін ауданға алып барып, 7 тамызда қабірі қазылды. 8 тамызда жидебайдағы Абай зиратының қасына жерленді.» деп жазады естелігінде.

1968 жылы Ахат туған еліне біржола көшіп келеді. Бұл жайында Мінәш Әрхамқызының естелігінде: «Ахат ата 1968 жылы өзінің еліне көшіп келеді. Өшкендері жанып, өлгендері тірілгендей болған туған халқы асылдың сынығы, Шәкәрімдей ұлы тұлғаның баласын зор құрметпен құшақ жайып қарсы алады.

Басынан қаншама азапты өмір өткізсе де қайраты бойынан кетпеген, болмысы мықты, адамгершілігі мол Ахат ата елге келіп бос отыруды өзіне лайық көрмейді. Ұлы аталарының асыл қазынасын еркін ақтарып, ұрпақ кәдесіне жаратудың реті келді. Жидебайдағы Абайдың музей-үйінің меңгерушілігіне тағайындалады, содан өмірінің соңғы күндеріне дейін Абай мұражайының ғылыми қызметкері болып істейді. Шәкәрім мұраларын жинақтап, реттей жүріп, мұражай қорында арабша (төте жазумен) жазылған өлеңдерді, естеліктерді қазіргі тілге аударып, бірнеше дана етіп көшіреді. Үнтаспаға аса құнды естеліктер жазып қалдырады.» деп жазады.

Ахат Шәкәрімұлы арманда кеткен аяулы әкесінің мол мұрасын жалықпай жинап, аялап, сақтап қалуда сіңірген еңбегі зор. Ахаттың қолжазбалары Абай музейінің қорында сақталған. Ахат, Шәкәрімнің әдеби мұрасын сақтау үшін С.Сейфуллиннің кеңесімен Қазақ мемлекеттік кітапханасының сирек қолжазбалар қорына тапсырады. Шәкәрімнің 14 әнін өз орындауында өнертанушы Т.Бекқожинаға айтып, нотаға түсіртеді.

Ахат 1984 жылы қайтыс болады. Ұзақ өмірінде басынан қилы-қилы заман өткізіп, есеңгірете соққан қара дауылдардан емен қарағайдай аман қалған қайратты қарттың морт сынуына жалғыз ұлы Физулидің қазасы болады. Ахаттың жалғыз ұлы Физули әскерге Ресейдің Ростов қаласына барып, сол жақта қалып қойған. Физули сол жақта жүргенде өкпе ауруына шалдығып, қатты ауырады. Балаң нашар жатыр деген хабар алған соң, Ахат жалғыз қарындасы Гүллардың баласын ертіп Ростов қаласына барады. Ол кезде Физули қайтыс болған еді. Ахат ұлын жерлеп қайтып келе жатқанда Қостанай қаласына түседі. Сол жерде мұздан тайып жығылып, жамбасын сындырып алады. Сөйтіп ауруханадан бірақ шығады. Жалғыз баласының қайғысынан құсаланып, алты жарым ай төсек тартып жатады. Ақыры, сол қайғы-уайымнан 1984 жылы қайтпас сапарға аттанады. Ағайын-туыс, ел-жұрт жиналып әкесінің жанына жерлейді.

Ахат Шәкәрімұлы – ашылмаған әлем іспетті. Ол тек әкесінің мұраларын жинап, сақтап, жеткізуші емес. Ұзақ жылғы өмірінің барысында өзі де көп еңбектеніп, ізденіп, көпдеген еңбектерін жазып қалдырған. Барлық саналы ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсағаны өз алдында, әрі әдебиетші, әрі ақын ретінде де ол кісінің тындырған еңбегі аз емес. Ахат шәкәрімұлының өлеңдерінен сол кездегі өмір шындығы, дәуір тынысы, қоғамдағы келеңсіз оқиғалар, әртүрлі адамдардың мінез-құлқы, табиғатқа, сұлулыққа деген құштарлық анық байқалады.

Абай – Шәкәрім – Ахат арасы ұлылықтың жібек желісімен жалғасып жатқандай. Дархан даламыздың дара да дана тұлғалары егіп кеткен рухани нәр кеше мен бүгінді қоректендіріп, ертеңге де, тіпті ғасырдан – ғасырларға кете берері сөзсіз. Абай – ұлттық руханияттың алып мұхиты, Шәкәрім – тебіренген теңізі болса, Ахат – ағыны азаймас арналы өзен сияқты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. М.Т.Әлиакпаров, С.Д.Ізтілеуова. Шәкәрімнің дарынды ұрпақтары. Алматы; Инжумаржан, 2008 ж.
2. А.Омаров. Шәкәрім және абай. Семей, 2012 ж.
3. Ж.Әубәкір. Шәкәрім Құдайбердіұлы (Библиографиялық көрсеткіш) Семей, 2009 ж.
4. Мұтылғанның тағдыры – Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2010 ж.
5. Ахат Құдайбердиев естелігі. КП-6713/2.

М.ҒАБДУЛЛИН – КӨКШЕ ЕЛІНІҢ ДАРА ҒАЛЫМЫ

Салимова Мерей Азаматқызы
7 «Б» сынып оқушысы, М.Ғабдуллин атындағы №3 мамандандырылған гимназия.
S860821056890112@gmail.com

Айткен Есболат Қайырханұлы
Тарих пәнінің мұғалімі, М.Ғабдуллин атындағы №3 мамандандырылған гимназия
aitken.esbolat@mail.ru

Мәлік Ғабдуллин – Кеңес одағының батыры, филология ғылымының докторы, профессор, академик, кеңес әскерінің майоры, Қазақстанның қоғам қайраткері 15 қараша 1915 жылы қазіргі Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қойсалған ауылында дүниеге келді. Мәлік Ғабдуллиннің шежіресі сонау XVIII ғасырда өмір сүрген Қарауыл Қанай биге кетеді. Мәлік Ғабдуллин Ғабдолла Елемесов пен Алия Оспанқызының отбасында дүниеге келген 10 баланың ішінде жалғыз тірі қалғаны еді. 1931-32 жылдары болған аштық жылдарында бауырлары мен анасы Алия шетінеп кеткен.[1]

Мәлік Ғабдуллин алғашқы білімін №13 Құлет ауылында 1924-1929 жылдар аралығында бастап, 1929-1931 аралығында Кокшетау қаласындағы мектеп-коммунада жалғастырды. 1931 жылдың шілде айында Алматыдағы рабфактың ағиатациялық комиссиясымен келген Павел Иванович Агеев үздік оқушылардың қатарында болған, Мәлікті Алматыға әкетеді. Алматыда Сабит Мұқановтың көмегімен, Мәлік Ғабдуллин Сакен Сейфуллиннің үйіне орналастырылады. Рабфакта білімін бастаған Мәлік Ғабдуллиннің халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін көрген Сабит Мұқанов оның рабфактан Абай атындағы КазПИ-дің филологиялық факультетіне ауысуын өтініп сұрады. Студент шағында ол Бейімбет Майлиннің қолдауымен Алматы қаласының баспаларының біреуінде қазақтың төте жазуымен латын жазуында жазылған шығармаларды қазақтың кириллицадағы қаріпіне аударып, қайта басып шығаруға қатысқан еді. Латын және кириллицадағы жазуды ол оқушы және студент кезінде толық меңгерсе, қазақтың төте жазуын мұсылманша білім алған әкесі Ғабдолла Елемесовтен үйренген болатын. Кейірек 1935 жылы ол «Б.Майлиннің шығармашылығы» тақырыбында дипломды сәтті қорғап, КазПи-ді үздікке бітірді.[2]

Институтты біріген соң, ол «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл-жас» газеттерінде редактор ретінде жұмыс жасады. Ұстазы көрнекті филолог-ғалым Сарсен Аманжоловтың ұсынысымен өзінің мансабын Ғылым академиясының қазақ филиалындағы лингвистикалық секторында кіші ғылыми қызметкер ретінде жалғастырып, сол уақытта КазПи-де жаңа ашылған аспирантураға түсіп, «Қобыланды батыр эпосының ғылыми зерттеуінің проблемасы» тақырыбында диссертациялық зерттеу жүргізуді бастайды.[3]

Мәлік Ғабдуллин кандидаттық жұмысын жазу барысында жоғарыда айтылғандай, Қобыланды батыр эпосының 28 нұсқасының ішінде қазақтың ақыны Біржан Толымбевтің нұсқасына негізделіп отырып, зерттеу жүргізеді. Ол Сабит Мұқанов, Үміт Балқашев секілді әдебиетшілердің тәжірибесіне негізделіп, ғылыми жетекшісі қазақтың жазушысы, профессор Мұхтар Ауезовтің жетекшілігімен жұмыс жүргізіп, Қобыланды батыр эпосына салыстырмалы анализбен бірге өзге халықтардың эпосымен ұқсастығын анықтап, ерекшелігін айқындап көрсетеді. 1941-1945 жылдар аралығында ұлы отан соғысына ерікті және белсенді түрде қатысқан ол, кандидаттық диссертациясын уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Ұлы отан соғысы аяқталған соң, Мәлік Ғабдуллин елге қайта оралып өзінің ғылыми-педагогикалық жұмысын жалғастырып, 1946-51 жылдары Тіл және әдебиет институтының директорының орынбасары, кейін директоры лауазымдарында басқарып, қазақ тілінде шығатын кітаптардың сапасы мен санын ұлғайтуға ат салысады .[2]

1947 жылы өзінің кандидаттық диссертациясын аяқтап және үздік қорғап филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. Өмірінің соңғы күндеріне дейін Мәлік

Ғабдуллин қазақ ауыз әдебиеті мен эпосын зерттеуге арнап, 1958 және 1964 жылдары «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», 1972 жылы «Қазақ фольклористикасы», 1966 жылы «Ата-аналарға тәрбие беру туралы кеңес» атты еңбектерді басып шығарады.[4]

1959 жылы «Қазақ халқының дәстүрлі ауыз әдебиеті» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап [4], 1960 жылы профессор атағын иеленеді. 1972 жылы Т.Сыдықовпен бірге бірлесіп жазылған «Қазақ халқының батырлық жыры» атты монографиясы[5] жарыққа шығып, Ш.Уалиханов атындағы мемлекеттік премияның лауреаты атанып, диплом және медальмен марапатталды. М.Ғабдуллин қазақ-кеңестік фольклордың дамуын төрт негізгі кезең: 1917-1930 жылдары; 1930 жылдары, соғыстың және соғыстан кейінгі жылдары деп бөліп қарастырды. М.Ғабдуллиннің жетекшілігімен жас ғылыми кадрлар, мұғалімдер даярланып, қазақ фольклорының ескі және заманауи кезеңдері қарастырылды.

